БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№120 (9438) | 1954 жылғы 16 июнь Сәрсенбі | Шығуына 35 жыл жеке саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

П. Г. Моснатов жолдасты Ленин орденімен наградтау туралы ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы (1-бет).

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сессиясы. 1954 жылғы 14 июньдегі күндізгі мәжліс (1-бет).

Келесі жылдың егісіне парды көп дайындайық!

Б. Елеусізов —Келесі жылдың егісі үшін тың көптеп көтерілуде (1-бет).

В. Степанов —Тракторлар тоқтаусыз жүргізілуде (1-бет).

З. Орманов —Пар жыртудың қарқыны баяу (1-бет).

СОВЕТ ҚҰРЫЛЫСЫ.

Г. Белоусов— Селолық Советтің депутаттары (2-бет).

Б. Жақыпов —Ұйымдастыру -бұқаралық жұмысты әлсіреткен жерде (2-бет).

Б. Жарасов— Миллионер колхозда (2-бет).

В. Галимский —Ықтырмалы пар — етіннен мол өнім алудың негізі (2-бет).

Ж. Мұқанов, К. Әміржанов — Колхоз дәулеті артып, мәдениеті гүлденуде (3-бет).

Өткен жексенбіде (4-бет).

Сыртқы істер министрлерінің Женева кеңесі (4-бет).

Жемшөп дайындауға жауапсыз қараушылық жойылсын

Еліміздің колхоздары, машина-трактор станциялары мен совхоздары быйылғы көктемде жемшөп базасын нығайту жөнінде едәуір жұмыстар істеді. Сүрленетін дақыл, тамыр жемістер мен шөп өткен жылға қарағанда екі миллион гектардай дерлік артық егілді. Сүрленетін дақыл егу жоспары 126 процент, біржылдық шөп егу жоспары 114 процент орындалды. Едәуір алаңда шабындықтар мен жайылымдықтарды өңдеу жүргізілді.

Елдің көптеген ауданынан алынған хабарлар колхоздар мен совхоздардың далаларында шөптің өнімі жаксы екендігін дәлелдейді. Мемлекет шөп жыйнау жұмыстарын кешінен механикаландыру үшін МТС-тер мен совхоздарға мыңдаған өздігінен жүретін және трактор шөп машиналарын, маялағыштар, сүйреткіштер, шөмелелеуші және басқа машиналар жіберді.

Демек, үстіміздегі жылы жемшөп дайындау жөніндегі мемлекеттік жоспарды ойдағыдай орындауға, қоғамдық малды сол сыяқты, колхозшылардың жеке меншігіндегі малды шөппен, сүрленетін дақылмен және басқа жемшөппен толық қамтамасыз етуге барлық мүмкіншіліктер бар.

Енді барлығы шөп жыйнау мен шөп сүрлеуді ұйымдасқан түрде жүргізуге, бұл аса маңызды мемлекеттік іске басшылық етудің сапасына байланысты. Шөп шабу—ауыл шаруашылығындағы қыйын және жауапты жұмыстардың бірі. Қысқа мерзім ішінде егін жыйнау жаппай басталғанға дейін ондаған миллион гектар жердің шөбін шауып, шөмелелеу және маялау керек болады.

Көзір Қазақ, Қырғыз, Өзбек республикалары және басқа орта азиялық республикалар, Поволжьенің, Солтүстік Кавказдың, Украинаның колхоздары мен совхоздары шөп жыйнап жатыр. Таяудағы күндерде орталық қара топырақты емес аудандарда шөп шабу өрістейді. Алайда, елдің бірқатар аудандары шөп жыйнауға нашар өзірленіп, оны ұйымшылдықпен бастамады. Жемшөп дайындау ісіне жауапсыз қарайтын, мал шаруашылығын бұдан былай да өркендете беруді қажетті жемшөп қорын жасау негізгі мәселе екенін сыяқты жалпыға мәлім қағиданы есепен шығаратын жеке басшылар бар. Мал [illegible] мемлекеттік станцияларының 200 мыңнан аса шөп шабатын машиналары бар. 10 июньдегі мәлімет бойынша шөп шабатын машиналардың 62,3 процентті ғана жөнделген. Бұл көзір, шөп жыйнау жұмыстарының қызу кезеңінде ондаған машиналардың бос қа қары тұрғанын көрсетеді. Көптеген МТС-тер соңғы уақытқа дейін шөп шабатын машиналарды жөндеуге кіріспеді де, кадрлар даярламады. Ауыл шаруашылығы министрлігі бұл жөнінде біле ме? Я, білді, бірақ, мұндай маңызды іске жайбарақат карады. Осының салдарынан Қазақстан сыяқты шөп шабуды ерте-ак бастаған республикаларда шөп шабатын машиналардың әлі күнге дейін 40 проценті жөнделген жок. Белоруссияда шөп шабатын машиналардың жартысынан көбі өзірленбеген. Ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары Кучумов жолдас көптеген МТС- тердің жыл сайын жемшөп дайындау жоспарын орындамауына, ал, кейбіреулерінің бұл жұмысқа мүлде қатыспауына төзіп келген.

Еліміздің жұртшылығы министрдің басқа орынбасары Луценко жолдасқа за орынды түрде елеулі талап қоя алады. Ол жемшөп дайындау жөніндегі аса маңызды мәселелерді іскерлікпен шешпейді, баяу шешеді, бірқатар облыстардың, өлкелер мен республикалардың шөп жыйнауда артта қалуының шын себептерін білмейді. Министрліктің қызметкерлері алдыңғы қатарлы шаруашылықтардың тәжрибесін нашар зерттейді. Мәселен, Краснодар өлкесінде және басқа кейбір аудандарда жемшөп сүрлейтін орын құрылысы жөнінде бағалы ұсыныстар жасалғанды ғы мәлім. Бірақ, мұнда қол жеткен тәжрибе елдің колхоздары мен МТС-терінде таратылмай келеді.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь және февраль- март пленумдарында, сол сыяқты, ССРО Жоғарғы Советінің сессиясында ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігінің бюрократтық басшылық әдістері қатты сынылған болатын. Бірақ, фактілер министрліктің өзінің жұмысын партия талабына сәйкес құрмай, баяу жүргізіп отырғандығын дәлелдейді.

Совхоздарда шөп жыйнау қарқынын арттыру, бұл жұмысқа ССРО Совхоздар министрлігі тарапынан басшылықты мейлінше жақсарту талап етіледі.

Жуында ССРО Министрлер Советі мен [illegible]

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Сессиясы

1954 жылғы 14 июньдегі күндізгі мәжліс

14 июньде, Алматыда, Жоғарғы Советтің мәжліс залында Қазақ ССР Жоғарғы Советінің бесінші сессиясы ашылды.

...Күндізгі сағат 11. Председатель столына Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Председателі депутат **Ғ. Ш. Қаржаубаев,** Қазақ ССР Жоғарғы Советі Председателінің орынбасарлары депутаттар **Б. Бекешева, В. А. Васин, М. В. Хрусталева** келді. Ложаларда —Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының мүшелері, министрлер.

Председательдік етуші **Ғ. Ш. Қаржаубаев** Қазақ ССР Жоғарғы Советінің бесінші сессиясы ашық деп жариялады.

Бес сайлау округі бойынша шығып қалғандардың орнына жаңадан сайланған депутаттардың өкілдігін тексерудің нәтижелері туралы баяндама жасау үшін Мандат комиссиясының председателі депутат **С. Т. Бектелеевке** сөз берілді. Қазақ ССР Жоғарғы Советіне сайланған депутаттар: Ақмола облысының № 235 Ақмола- селолық сайлау округі бойынша—**П. К. Пономаренко,** Семей облысының № 337 Завод-Затон сайлау округі бойынша —**Л. И. Брежнев,** Семей облысының № 324 Таскескен сайлау округі бойынша—**Ғ. Мұстафин,** Гурьев облысының № 150 Мақат сайлау округі бойынша —**Ә. Жұсыпов,** Қостанай облысының № 180 Семиозер сайлау округі бойынша —**И. Г. Слажнев.**

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Мандат комиссиясының баяндамасын бірауыздан бекітіп, жаңадан сайланған депутаттардың өкілдігін дұрыс деп тапты.

Бұдан кейін Қазақ ССР Жоғарғы Советі бесінші сессиясының мынадай күн тәртібі қабылданды:

1. Украинаның Россияға қайта қосылуының үшжүз жылдығы туралы.
2. Қазақтың Советтік Социалистік Республикасының 1954 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті туралы және Қазақ ССР-нің 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджетінің орындалуы жөнінде есеп.
3. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указдарын бекіту.
4. Ұйымдастыру мәселесі.

Сессия күн тәртібіндегі бірінші мәселені талқылауға кірісті. «Украинаның Россияға қайта қосылуының үшжүз жылдығы туралы» баяндама жасау үшін Қазақстан КП Орталық Комитетінің секретары депутат **Л. И. Брежневке** сөз берілді.

Депутат **Д. Қонаевтың** ұсынысы бойынша сессия РСФСР Жоғарғы Советінің Президиумына және Украин ССР Жоғарғы Советінің Президиумына құттықтау қабылдады.

Бұдан кейін сессия күн тәртібінің екінші мәселесін талқылауға көшті. Қазақтың Советтік Социалистік Республикасының 1954 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті туралы және Қазақ ССР-нің 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджетінің орындалуы жөнінде баяндама жасау үшін Қазақ ССР Финанс министрі депутат **Т. Төлебаевқа** сөз берілді.

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Бюджет комиссиясының председателі депутат **Р. Ильяшев** қосымша баяндама жасады. Ол 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджеттің орындалуы жөніндегі есепті және республиканың 1954 жылға арналған Мемлекеттік бюджетін Бюджет комиссиясының түзетулерімен бекітуді ұсынды.

Бюджет комиссиясының қосымша баяндамасынан кейін Қазақ ССР Финанс министрі Төлебаев жолдастың Қазақ ССР-нің 1954 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті туралы және Қазақ ССР-нің 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджетінің орындалуы туралы баяндамасын талқылау басталды. Жарыссөзде сөйлеген депутаттар: **К. Н. Крюкова, А. Мәмбетов, А. Ш. Ғалиева, Д. Керімбаев, С. Өтебаев.**

Осымен сессияның бірінші мәжлісі жабылды.

Келесі жылдың егісіне жерді көп дайындайық!

☆ ★ ☆ ★

Пар жырту жоспарын мерзімінен бұрын орындаған совхоздар

Коммунистік партия мен Совет үкметі социалистік ауыл шаруашылығын барлық жағынан өркендету міндетін қойды. Көзір облыс совхоздары бұл міндетті мінсіз жүзеге асыру үшін күресуде. Киров атындағы, Қарағанды, Мамлют совхоздарының механизаторлары көктемгі егіс кезінде техника қуатын күні- түні бірдей өнімді пайдаланып, егісті ең қолайлы агротехникалық мерзімде, жоғары сапада аяқтап шыққан.

Бұл совхоздардың механизаторлары егісті өткізісімен пар жыртуға зор ұйымшылдықпен кірісті. Бұл күндері еңбек қарқыны үдей түсуде. Көп тракторшылар өзінің сменалық тапсырмасын үнемі артығымен орындайды. Олар келер жылы да совхозды дайын жермен қамта- [illegible]

Пар жыртудың қарқыны баяу

Совет ауданындағы «Игілік» колхозында быйыл келесі жылдың егістері үшін 1100 гектар пар жыртылуға тиіс. Бұл істі атқару осы колхозда жұмыс істейтін Совет МТС-нің № 15 трактор бригадасына тапсырылған. Бригаданың қамтуында 3 шынжыр табанды, 2 дөңгалақты трактор бар. Бұл техника күшін өнімді пайдаланған жағдайда, тәулік сайын 80 гектар пар көтеруге болады.

Бірақ, бригададағы техника қуаты жұмысқа өте- мөте нашар пайдаланылып келеді. Бір «СХТЗ» тракторы пар жырту басталғаннан бері техникалық жарамсыздықтан жұмысқа қосылмай тұр. Ал, басқа тракторлармен жұмыс бір сменада ғана істеледі. Соның өзінде, жұмыс кеш басталып, ерте аяқталады. Судың кезінде жеткізілмеуі себепті тракторлардың тоқтап қалуы жиі кездеседі. Шынжыр [illegible] де трактор бригадасының бригадирі Порунов жолдастан талап еткен жоқ. Ол, тракторшылардың плуттердің жеткіліксіздігінен, тракторларда электр жарығының болмауынан машина қуатын толық пайдалана алмай жүргендерін айтып, осы кемшіліктерді жою жөнінде қойған орынды талаптарына құлақ аспады. Механизаторларға: «МТС-те плуг жеткіліксіз, тракторларды электр жарығымен қамтамасыз етуге көзір мүмкіншілік жоқ» деген сыяқты дәрменсіздіктерді айтып кете барды.

Сол сыяқты, колхоз председателі Оразов жолдас та трактор бригадасын қамту ісін бетімен жіберіп отыр. Рас, колхоз басқармасы трактор бригадасына керекті тіркеушілерді, май, су тасушыларды жеткілікті мөлшерде бөлген. Бірақ, олардың көпшілігі өздеріне тапсырылған міндетті атқаруға жауапсыз қарайды, жұмыска [illegible]

Келесі жылдың егісі үшін тың көптеп көтерілуде

Преснов ауданындағы Жданов атындағы колхоздың колхозшылары мен осы колхозды қамтыйтын Николаев МТС-нің механизаторлары быйылғы жазда келесі жылдың егісі үшін колхозда кемінде 3 мың гектар пар мен зябь жыртулары керек. Бұлардың көпшілігі тың және тыңайған жерлер есебінен жыртылады. Бұған колхоздағы механизация күші де жеткілікті.

Осы колхоздағы МТС-тің Заиченко жолдас басқаратын комсомол- жастар бригадасы егіс жұмыстары аяқталысымен дереу пар жыртуға кірісті. Тракторшылар техникаға уақытылы күтім жүргізу арқылы олардың қуатын пар жыртуға өнімді пайдаланып жүр. Жекелеген тракторшылар жер жыртуда еңбектің тамаша

шаруашылығы [illegible] жоспарының орындалу тағдыры кәзір, жемшөп дайындау күндерінде шешіледі деп асырмай-ақ айтуға болады. Кім де кім шөп жыйнаудың қымбатты күндерін өткізіп алып, жемшөп қорын жасамаса, ол малды көзбе-көз азықсыз қалдырады.

Алайда, кейбір жерлерде тәзгісіз жайбарақаттыққа жол берілп отыр, жемшөп дайындау ісі үшін жауапкершілік сезімін жоғалтушылық бар. Қазақстан КП Орталық Комитетінің таяуда болып өткен Пленумында республиканың оңтүстік облыстары шөп жыйнауда мейлінше артта қалып отырғандығы атап көрсетілді. Оңтүстік Қазақстан, Талдықорған, Алматы, Гурьев облыстары шөп шабуды ертеде-ақ бастады. Алайда, 10 июньге дейін Талдықорған облысында шөптің 4,5 проценті, Гурьев облысында—2,1 проценті ғана жыйналған, тағысын тағылар. Өткен жылы жемшөптің жеткіліксіздігі салдарынан колхоздар мен совхоздар мал шаруашылығында елеулі шығынға ушырағандығын аталған облыстардың басшыларының есіне салмай кетуге болмайды.

Шөп жыйнау елдің басқа да біркатар аудандарында баяу өрістеуде. Атап айтқанда, миллиондаған бас малы бар Қара жерлерде жемшөп дайындаудың барысы хауіптендіреді. Өткен қыста жемшөппен қамтамасыз етілмеуі салдарынан мұнда көп мал шығын болды. Бірақ, Қара жерлерде кәзір де шөп жыйнау қанағаттанғысыз өрістетілуде. Мұнда орналасқан совхоздар мен машина-трактор станциялары шөп шабуды баяу жүргізуде, бұл алдағы қыста малдың жемшөппен қамтамасыз етілуіне нұқсан келтіруі мүмкін. Қара жерлерді мал бағуға пайдаланып отырған Ставрополь өлкесінің және басқа облыстардың партия және совет органдары бұл үшін жауап береді.

Шөп жыйнау жұмыстарының баяу өрістетілуіне ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрінің мал шаруашылығы мәселелерін басқаратын орынбасары М. Н. Луценко және машина-трактор станцияларын басқаратын орынбасары П. С. Кучумов жолдастар көп кінәлі. Олар жемшөп дайындау ісіне нашар басшылық жасайды, өздеріне тапсырылған міндетті орындауға жауапсыз қарайды.

Ірі социалистік ауыл шаруашылығы жағдайында мол техникамен жабдықталған МТС-тер шешуші күш болып табылады. ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігінің машина- трактор және арнаулы

СОКП Орталық Комитеті «1954 жылы колхоздар мен совхоздарда жемшөп дайындау жұмысын жүргізу туралы» қаулы қабылдады.

Партия мен үкмет жемшөп дайындаудың, жемшөптік тамыр жемістер, сүрленетін және басқа жемшөптік дақылдар егісін баптап- күтетін шешуші кезеңнің басталғанын жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық органдарының, МТС, совхоз және колхоз басшыларының есіне салды және бұл жұмыстарды ойдағыдай жүргізгенде ғана жемшөп дайындау жоспарын орындауға мүмкіндік туатындығына жергілікті партия және совет органдарының, ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігінің және ССРО Совхоздар министрлігінің назарын аударды.

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитеті облыстардың, өлкелер мен республикалардың партия, совет органдарын, ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігін және ССРО Совхоздар министрлігін МТС-терде, совхоздар мен колхоздарда пішен жыйнайтын машиналарды жөндеуді мезгілінде аяқтауды қамтамасыз етуге, колхозшылардың, совхоз жұмысшыларының мүмкіндігінше көп бөлегінің пішен жыйнауға қатысуына жетісуге, жемшөп дайындауда колхозшыларды, МТС және совхоз қызметкерлерін материалдық жағынан ынталандыру шараларының қолданылуын қамтамасыз етуге міндеттеді.

Сүрлеу үшін егілген жүгері, күнбағыс егістерінен, тамыр жемістер, бақша дақылдарынан және басқа жемшөптік дақылдар егістерінен жоғары өнім алу үшін бұл дақылдарды баптап- күтуді мезгілінде және мұқият ұйымдастыру қажет. Сүрленетін дақылдармен қатар жемшөп сүрлеу үшін жабайы өсетін шөптерді кеңінен пайдалану керек.

Колхоз басқармаларының, МТС және совхоз директорларының, жергілікті партия және совет органдарының алдына аса маңызды мемлекеттік міндет—колхоздар мен совхоздарда мал басын жемшөппен толық қамтамасыз ету міндеті қойылады. Мал шаруашылығын өркендету жоспарының орындалуы осыған байланысты екендігін есте ұстау керек.

Партия ұйымдары бұл міндетті жүзеге асыруға деревняның барлық еңбекшілерін жұмылдыра білуге міндетті.

(«Правданың» осы жылғы 14 июньдегі басмақаласы).

П. Г. Москатов жолдасты Ленин орденімен наградтау туралы

ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

СОКП Орталық тексеру комиссиясының председателі П. Г. Москатов жолдастың туғанына 60 жыл толуымен байланысты және оның Коммунистік партия мен Совет мемлекеті алдында сіңірген еңбегі ескерілп, Петр Георгиевич **Москатов** жолдас **Ленин** орденімен наградталсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. ВОРОШИЛОВ.
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. ПЕГОВ.

Москва, Кремль.
14 июнь, 1954 жыл.

масыз етуді өздерінің ардақты борышы деп санайды.

Киров атындағы астық совхозы (директоры Дьяченко жолдас) механизаторларының еңбегі ерекше көзге түсті. Бұл совхоздың коллективі 10 июньге дейін пар жырту жоспарын толық орындап, жоспардан тыс 470 гектар пар жыртты. Пар жыртуда агротехникалық ережелердің мұқият сақталуын трактор бригадаларының бригадирлері және агрономдар үнемі қадағалап отырды. Жұмсақ жерлер 27 сантиметр тереңдікке дейін жыртылды. Кәзір парды күтіп, баптау жұмыстары жүргізілуде.

Қарағанды және Мамлют совхоздарының коллективтері де тракторлардың қуатын пар жырту жұмысына екі сменада, өнімді пайдаланып келеді. Осының нәтижесінде бұларда да пар жырту жоспары 10 июньге дейін толық орындалды. Кәзір аталған совхоздардың механизаторлары жоспардан тыс пар жырту, жыртылған парды күту, малға жемшөп дайындау жұмыстарын бір- бірімен ұштастыра жүргізіп келеді.

Тракторлар тоқтаусыз жүргізілуде

Петропавл ауданының Ворошилов атындағы колхозында МТС-тің Ф. Бутаков жолдас басқарған трактор бригадасының мүшелері дала жұмыстарын атқаруда жоғары көрсеткіштерге ие болып келеді. Бұл бригаданың мүшелері егіннен мол өнім алу жолындағы бүкілхалықтық социалистік жарысқа қосыла отырып, егіс жоспарын қысқа мерзімде орындап шықкан-ды.

Механизаторлар еңбек қарқынын пар жырту кезінде де бәсеңдеткен жоқ. Олар тракторлардың қуатын пар жыртуға неғұрлым тиімді пайдалана отырып, істің бұл саласында жаңа табыстарға жетуде.

Тракторшы Гладилов жолдас «ДТ—54» тракторымен бір сменада 6,6 гектар орнына, үнемі 8—9 гектар жер жыртып жүр. Оның көмекшісі Чернов жолдас та еңбек өнімділігін арттыру, жұмыс уақытын өнімді пайдалану арқылы Гладилов жолдастан қалысатын емес. Бұл күндері бригададағы барлық тракторшылар сменалық жұмыс тапсырмаларын толық және артығымен орындауға жетісіп жүр. Олар жанар, жағар майды көптеп үнемдеп келеді.

Бригада мүшелері тағайындалған жоспар бойынша 1 июльге дейін 400 гектар пар жырту керек еді. Мұнда 14 июньге дейін 370 гектар пар жыртылды. Барлық трактор тоқтаусыз жүреді.

Аталған бригаданың механизаторлары бұл табысқа колхозшылардың бригадаға көрсеткен нақтылы көмегінің арқасында ғана жетіп отыр. Бригаданы қамтыйтын колхозшылар тракторларды жанар, жағар майман, сумен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етіп келеді.

Бұл бригаданың мүшелері әр уақытта да дала жұмыстарын атқаруда жаңа табыстарға ие болып, егіншіліктің мәдениетін арттыруда колхозшыларға нәтижелі көмек көрсетеді.

В. СТЕПАНОВ,
Асанов МТС-нің бас агрономы.

күшіне сай тіркелмейді. Мәселен, бригададағы «С—80» тракторы 10 түренді плуттің орнына, кейде 5 түренді бір плуг, кейде 3 түренділен 2 плуг тіркеп жер жыртады. Міне, осының бәрі тракторшылардың сменалық тапсырмаларын толық орындамауына, жанар майларын мөлшерден көп жұмсауына әкеліп соғып жүр.

Техника қуатының жұмысқа өте өнімсіз пайдаланылуынан бригадада 10 жұмыс күні ішінде небары 300 гектар пар жыртылып, бұл жөніндегі графиктік тапсырма 37,5 процент ғана орындалды.

Трактор бригадасының жұмыс өнімділігінің мұншалықты төмен болуының басты себебі МТС пен колхоз басшыларының пар жыртуға техника қуатын өнімді пайдалануды өз дәрежесінде ұйымдастырмауында деуіміз керек. Пар жырту жұмысы басталғалы бұл трактор бригадасында Совет МТС-і директорының уақытша міндетін атқарушы және бас агроном Борзаковский жолдас небары бір рет атүсті келіп кетті. Ол тіпті техникалық жарамсыздықтан босқа тұрған «СХТЗ» тракторын тез жөндеу жөнінде

көп келеді. Титі жөнгрелері [illegible] рұқсатынсыз жұмыстан кетін те қалады. Ал, Оразов жолдас бригадалардағы еңбек тәртібін жақсартуды, колхозшылардың өздеріне тапсырылған жұмысқа жауаптылығын арттыруды бригадирлерден қатаң талап етпей отыр.

Колхоз бастауыш партия ұйымы трактор бригадасының мүшелері арасындағы бұқаралық- саяси жұмыстарды жүргізуден тысқары қалып келеді. Бұл бригадаға үгітшілер бөлінбеген. «Жауынгерлік листоктер» кезінде шығарылмайды. Тракторшылардың күнделік еңбегі көрсеткіш тақталарға жазылып отырылмайды.

Парды деркезінде және мол дайындау—егін шығымдылығын арттырудың маңызды шараларының бірі екені белгілі. Ендеше, бұл жұмыстағы баяулыққа төзуге болмайды. Мұны Совет МТС-і мен «Игілік» колхозының басшылары естен шығармай, келесі жылдың егістері үшін пар дайындаудағы сылбырлықтан арылудың шараларын шұғыл жүзеге асырулары қажет.

З. ОРМАНОВ.

АГРОТЕХНИКАЛЫҚ ТАЛАПТАРҒА САЙ

Мамлют ауданындағы «Сталинец» колхозында пар жыртудың қарқыны күннен-күнге өрістей түсуде. Мұнда Чапаев атындағы МТС-тің 3 трактор бригадасы жұмыс істейді. Олардың өзара социалистік жарысында И. Токарев жолдас басқарған бригаданың механизаторлары үздік алда келеді.

Бұл бригадада сменалық тапсырманы орындамайтын бірде- бір тракторшы жоқ. Ал, Бунеев, Ежов жолдастар «ДТ—54» тракторымен 5,7 гектардың орнына, сменаға сайын 6 гектар, кейде онан да артық тың жер жыртып жүр. Мұндай жоғары көрсеткіштерге ағайынды Алексей мен Владимир Варапаевтар да ие болып келеді.

Кәзір Токарев жолдас басқарған бригаданың мүшелері тың жер есебінен 400 гектардан астам пар жыртты. Олар жерді қосымша түрені бар плуттермен 25—27 сантиметр тереңдікте жыртуда.

А. МАНУИЛОВ.

Булаев астық совхозының пар жыртып жүрген тракторшысы Ф. Прокопенко өзінің зайыбы тіркеуші Верамен бірге сменалық тапсырмасын біржарым есе орындауда.

СУРЕТТЕ: (Оңнан солға қарай) механик А. Попов және № 1 трактор бригадасының бригадирі И. Кораблевтің, Ф. Прокопенконың тракторына тіркелген плуттердің түзулігін тексеріп тұрған кезі.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

Зикин жолдас «ДТ—54» тракторымен бір сменада 5,7 гектардың орнына, 6 — 6,5 гектар тың жер жыртып жүр. Одан тракторшы Оразымбетов жолдас та қалысатын емес. Бұл тракторшылар нормаларын артық орындауға жұмыс уақытын үнемді пайдалану, тракторға смена сайын техникалық күтім жасау, еңбек өнімділігін есеп арттыру арқылы ғана жетісіп келеді.

Бригаданың өнімді еңбек етуіне колхоз басқармасы тарапынан барлық жағдайлар туғызылған. Колхозшылар тракторларды жанар, жағар маймен, сумен уақытылы қамтамасыз етіп отырады. Колхоз басқармасы және бастауыш партия ұйымы бригада мүшелерінің мәдени- тұрмыс қажетіне үнемі назар аударады. Осының барлығы бригадада бірнеше күннің ішінде 370 гектар тың және тыңайған жер жыртылуына және жанар, жағар майдың 5 проценті үнемделуіне мүмкіндік берді.

Колхозда МТС-тің бұдан басқа да екі трактор бригадасы пар жыртып жүр. Бұл бригадалардың да көптеген тракторшылары сменалық жұмыс тапсырмаларын артығымен орындап келеді.

Механизаторлар пар жыртуда еңбек өнімділігін арттырумен бірге жұмыстың сапалы болуына да жете назар аударуда. Олар жердің терең әрі сапалы жыртылуын қамтамасыз етуде. Бұл үшін тракторшылар тың жер жыртуды тек қосымша түренді плуттермен ғана ұйымдастырды. Осы колхозға бекітілген МТС- тің участоктік агрономы Жусыпов жолдас трактор бригадаларында жиі- жиі болып, тракторшыларға жерді жыртудың және жұмыстаудың агротехникалық шараларын үнемі түсіндіріп отырады, жұмыстың сапалы болуын механизаторлардан қатаң талап етеді.

Партия ұйымы механизаторлар арасында үгіт- бұқаралық жұмысын кеңінен өрістетуде. Әрбір трактор бригадасында мәдениет қосы ұйымдастырылған. Онда саяси және әдеби кітаптар, радиоқабылдағыш, музыка аспаптары, дойбы, шахматтар бар. Бригадалар орталық, облыстық және аудандық газеттерді алдырады. Партия ұйымы тарапынан бөлінген үгітшілер бригада мүшелері арасында жиі- жиі болып, дауыстап газет оқуды, әңгіме өткізуді ұйымдастырады. Үгітші агроном Жусыпов жолдас механизаторлардың зор құрметіне бөленген. Ол механизаторлардың өзара социалистік жарыста алған міндеттемелерінің орындалуын күн сайын қорытып естіртіп отырады. Істегі орын алған кемшіліктерді жоюдың жолдарын айтады.

Колхозшылар жұмысты МТС механизаторларымен тығыз ынтымақтаса істей отырып, пар жыртуда айтарлықтай табыстарға ие болу үшін еңбек өнімділігін арттыра береді. Сөйтіп, келесі жылы егіннен мол өнім алудың берік негізін осы бастан қалайды.

Б. ЕЛЕУСІЗОВ,
Преснов ауданы, Жданов атындағы колхоз.

СОВЕТ ҚҰРЫЛЫСЫ

Селолық Советтің депутаттары

Депутат —халық қызметшісі. Оның міндеті еңбекшілердің шағымдары мен тілектеріне кезінде құлақ асып, сайлаушылардың аманаттарының жүзеге асырылуына жетісу болып табылады. Бұл міндеттерді аброймен орындау депутаттан халық үшін аянбай қызмет етуді, істегі кемшілікке төзбеуді, оны жою шараларын жүзеге асыруды талап етеді.

Біздің Надеждин селолық Советінде 20 депутат бар. Олар сайлаушылардың аманаттарын орындауға үнемі назар аударып, колхоз өндірісіне, Советтің жұмысына белсене қатысады. Депутаттар шаруашылық және мәдени жұмыстарды ұйымдастыру жөнінде бағалы ұсыныстар жасайды.

Жақында селолық Советтің депутаты Петр Ращупкин жолдас сессияда қоғамдық мал басын көбейтіп, оның өнімділігін арттыру туралы мәселе қарауды ұсынды. Еңбекшілер депутаттарының селолық Советі бұл ұсынысты қуаттан, оны сессияда қарауды ұйғарды.

Сессияда бұл мәселе жөнінде мен және Куйбышев атындағы колхоздың председателі Никулин жолдас екеуміз баяндама жасадық. Баяндама бойынша жарыссөз де сөз сөйлеген депутаттар мен активтер колхоз басқармасының қоғамдық мал шаруашылығына басшылығын қатты сынға алды. Колхозда мал шығыны орын алып келді. Мал қораларын тазалау және жаңадан қоралар, төл үйлерін салуға колхоз әлі кіріскен жоқ еді. Сол сыяқты, шөп шабу науқанына әзірліктің барысы да нашар болды. Шөп машиналары мен аттырнауыштарының жартысы да жөнделмеген еді.

Сессияға қатысушылар бұл кемшіліктерді атап көрсетіп, жаңадан мал қораларын салу, шөп шабу науқанына тығыңлықты әзірлену мақсатына бағытталған нақтылы шаралар белгілеп, қаулы қабылдады. Совет атқомі сессия қаулысының орындалуын ұйымдастыруда.

Кәзір колхоздағы жағдай біраз өзгерді. Мал қораларын қидан тазартып, колхоз қоғамдық мал үшін жаңа құрылыстар салуға кірісті. Сол сыяқты, шөп машиналары мен ат тырнауыштарына қажетті бөлшектер сатып алынды. Шөп шабатын машиналарды, тырнауыштарды жөндеу жұмыстары қызу жүргізілуде. Бұл жұмыста селолық Советтің депутаттары еңбек өнегесін көрсетуде. Депутат М. Костин жолдас темір ұстасының көмекшісі болып істейді. Ол күндік жұмыс нормасын өзі асыра орындауымен қанағаттанбай, басқа колхозшылардың да еңбекте жоғары көрсеткіштерге ие болуына жетісуде.

Селолық Советтің депутаттары Сафиханов және Руднев жолдастар тоған арқылы қар суын бөгеу жолымен село жанынан көл жасауды, колхозшылар үшін құдық қазуды ұсынды. Селолық Совет атқомі бұл бағалы ұсыныстардың жүзеге асырылуын ұйымдастыруда. Кәзір село жанында тоғанмен тоқтатылған үлкен көлді көресіз. Бұдан басқа колхозшылар екі жерден құдық қазып жатыр. Енді аз күннен кейін ол құдықтар село еңбекшілерінің пайдаланылуына берілмек.

Сайлаушылардың Приешім және Карлуга поселкаларын радиоландыру жөніндегі аманаттары ойдағыдай орындалуда. Колхоз басқармасы Приешім, Карлуга поселкаларын радиоландыру үшін қаржы бөлді. Надежка селосындағы клуб үйін жөндеу жұмысы аяқталып келеді.

Біздің Советте төрт тұрақты комиссия жұмыс істейді. Бұл комиссиялар өздерінің жұмысы жөнінде үнемі сессия алдында есеп беріп отырады. Жақында мәдени-ағарту және тұрмыстық комиссия (председателі депутат И. Бабич жолдас) мәдени- ағарту мекемелерінің жұмысын тексеріп, бірқатар кемшіліктердің бетін ашты.

Селолық клубтың меңгерушісі Сальков және киномеханик Гинц жолдастар еңбекшілердің үкемі кино көруін қамтамасыз етпеген. Тіпті кейде кино көрсетілмейтін уақыттар да болған. Комиссия бұл кемшіліктерді жоюға бағытталған шаралар белгілеп, оның орындалуын клуб қызметкерлерінен талап етіп отырды. Бұл қолданған шара өзінің тиісті нәтижесін берді. Кәзір село еңбекшілеріне жаңа кино картиналар көрсету ісі анағұрлым жақсарды.

Совет атқомінің жанында мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысы жөнінде арнаулы Совет бар. Оны депутат Сафиханов жолдас басқарады. Совет тиісті жоспар бойынша жұмыс істейді. Оның қасындағы лекторлар тобы село еңбекшілері үшін ауыл шаруашылығы жөнінде, халықаралық жағдай туралы және басқа тақырыптарда лекциялар оқыйды.

Депутаттардың басым көпшілігі Советтің ұйымдастыру және бұқараның жұмысына белсене қатысуымен бірге колхоз өндірісінде де қажырлы еңбек етіп жүр. Мәселен, депутаттар Ращупкин, Воронов және Нетисова жолдастар бұқарага қажырлы еңбектерімен үлгі болуда. Нетисова жолдас өзіне бекітіліп берілген 5 мекежіннің өркайсысынан 20 торай алып, оны аман өсірді.

Біздің селолық Совет Вознесенск селолық Советімен социалистік жарысқа түсті. Екі Советтің арасындағы социалистік жарыстың барысы жиі тексеріліп, оның қорытындысы сессияда, колхоз басқармасының мәжілісінде талқыланады, село еңбекшілеріне жарияланады. Өткен айда социалистік жарыстың барысын тексеруге Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне кандидат М. Сапрыгин және басқа бірнеше депутаттар қатысты.

Дегенмен, селолық Совет атқомінің депутаттардың колхоз өндірісіндегі, мәдени жұмыстарды ұйымдастырудағы ролін арттыру жөніндегі жұмыстары әлі жеткіліксіз екенін жасыруға болмайды. Депутаттардың ішінен бірқатары өздерінің жұмыстары жөнінде сайлаушылар алдында белгілі мерзімде есеп бермей жүр. Біз кемшіліктерді жойып, депутаттардың халық үшін қызмет етулерін жақсарта береміз.

Г. БЕЛОУСОВ,

Приешім ауданы, Надеждин селолық Советінің председателі.

Александр Федорович Финк басқарған бригада Коновалов МТС-індегі таңдаулы трактор бригадаларының бірі. Оның бригадасындағы тракторшылардың барлығы да тапсырманы ай сайын асыра орындайды. Бригада көптеген жаңар мал үнемдеді.

СУРЕТТЕ: калининдік комсомолец, кәзір осы трактор бригадасының есепшісі Владимир Ежов (оң жақта) тракторлардың бір күнде қанша жұмыс істегенін өлшеп, оны бригадир Финкке хабарлап тұр.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Ұйымдастыру-бұқаралық жұмысты әлсіреткен жерде

Бұдан бір-екі жыл бұрын Тоқшын селолық Советінің (Полудень ауданы) дамқы бүкіл республикаға белгілі болды. 1952 жылы ол Қазақ ССР Министрлер Советінің ауыспалы Қызыл Туын алды, аудандық, селолық, поселкелік Советтердің республикалық социалистік жарысының жаршысы болды. Бірақ, тоқшындықтар қол жеткен табыстарын баянды ете алмады, 1953 жылы Қызыл Туын айырылып қалды. Әңгіме, міне, осы жөнінде болғалы отыр.

Социалистік ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету мақсаты ауылдық Советтің атқомы мен депутаттарынан шаруашылық және мәдени құрылыстың барлық саласында ұйымдастыру және бұқаралық жұмысты онан әрі мейлінше күшейтуді, село еңбекшілерінің өндірістік белсенділігін бірі Бекбаев жолдас. Оған Тоқшын совхозында мал қыстату маусымының жайымен терең танысып, сессияда қосымша баяндама жасау тапсырылған. Бекбаев бұл тапсырмаға немкетті қарады. Бекбаев түрлі бөгде себептерді бетке ұстап совхозда мал қыстату маусымының жайымен таныспады, сессияға қатысудан бастартты. Алайда, Бекбаевтың бұл тәртіпсіздігі ескерусіз қалды. Осыны пайдаланып, Бекбаев кәзір де Советтің ұйымдастыру жұмысынан тыс қалып отыр.

Советтің тұрақты комиссиялары село еңбекшілерінің өндірістік белсенділіктерін арттыруда, шаруашылық және мәдени жұмысының жайын жақсартуда зор роль атқаратыны мәлім. Бірақ, бұл Советтегі тұрақты комиссиялар өз міндеттерін

лі Овчинников жолдастың көз алдынан өтіп жатады. Бірақ, не пайда, селолық Совет атқомінде гілер кездескен кемшіліктердің кәсі болудан басқа, ол кемшіліктерді жою жөнінде қажетті шараларды жүзеге асыруды ескермей жүр.

Тоқшын селолық Советінің мәдени-бұқаралық жұмыстарды барынша кең көлемде ұйымдастыруға зор мүмкіншілігі бар. Бір ғана Тоқшын селосында 700-ден аса колхозшылардың, жұмысшылар мен қызметшілердің семьялары тұрады. Мұнда онжылдық мектеп, темір жол станциясы, элеватор, агрономдар мен зоотехниктерді даярлайтын мектеп, медициналық пункт және басқа мекемелер мен қоғам ұйымдары бар. Село еңбекшілері клуб пен оқу үйлерінен, кітапханадан әңгімелер мен

Ықтырмалы пар—егіннен мол өнім алудың негізі

Естіс бойының колхоздары мен совхоздары 1 миллион гектарға жуық тың және тыңайған жерлерді игеруі керек. Бұл жерлердің басым көпшілігінде 1955 жылдың кәсі үшін пар және зябь жырту жоспарланып отыр.

Келесі жылы бұл жерлердегі егіннен мол өнім алу үшін оларды баптауда агротехникалық шаралар комплексі түгелінен жүзеге асырылуы қажет. Қуаңшылық далалық ауа райы жағдайында бұл істе топырақта ылғалды жыйнап, сақтаудың шешуші маңызы бар.

Павлодар сорт сынау участогінде жүргізілген көп жылғы тәжірибе мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді: қар тоқтатылмаған пар мен зябь жыртылған жерлер бүкіл қыс бойына дерлік қарсыз, ашық жатады —қатты жел егістіктердегі қарды айдап кетеді. Топырақ қалың тоң болып қатады да, жазғы-күзгі маусымда жыйналған ылғалдың едәуір бөлегінен айрылады, ал мұның салдарынан жерді пар және зябь етіп өңірлеудің пайдалылығы кемиді. Міне, сондықтан да пар және зябь жыртылған участоктерде ылғал жыйнау жөніндегі шаралардың егіннен мол өнім алу үшін ерекше зор маңызы бар.

Павлодар сорт сынау участогінде 1944 жылға дейін, ал облыстың көптеген колхоз, совхоздарында кәзір де қар жалдар мен қалқандардың және басқаларының көмегімен тоқтатылып келді. Бұл әдістерді қолданғанда едәуір көп еңбек және уақыт кетеді. Ал, көп реттерде пар мен зябь жыртылған жерлерге қардан жасалған бөгеттермен қыстығуні қар тоқтату мүмкін болмайды.

1944 жылы көктемде біз мынадай тәжірибе жасадық: көктемде пар жыртылған жерге күнбағыстан ұшқатар ықтырма екік; ықтырмалар бір-бірінің арасы 12 метр болып, жел соғатын бағытқа көлденең егілді. Жаздың қуаңшылығына қарамастан күнбағыс жақсы өсіп, биіктігі біржарым метрге жетті. Ықтырма пардың топырағын жел қағудан қорғады. Әдетте, ықтырма егілмеген пардың топырағын жел қағып кептіріп кетеді. Біз ықтырма егістің әр гектарынан 13 центнерден өнім жыйнадық. Мұнымен бірге, ықтырмалар топыраққа ылғалдың жыйналып, сақталуына көмектесті: жазда және күзде ылғалдық буға айналып кетуі кеміді, ал қыста бұл жерде қалыңдығы 80 сантиметрдей қар тоқтатылады. Мұнын нәтижесінде бұл участоктегі егіннің өнімі гектарына 8 центнерден артты.

Алғашқы тәжірибелер мұнымен қатар қыстығуні қатты жел соғатын жерде ықтырмалардың аралығы жақындатылуға тиіс екендігін, өйткені ықтырма өсімдіктер жақсы өскеннің өзінде де қардың біркелкі тоқтатылмайтынын көрсетті. Колхоздар мен совхоздарда ықтырма ретінде күнбағыс егу жөнінен онан әрі тәжірибе жасау бұл қорытындыны дәлелдеді, сондай- ақ ықтырмаларды бір-бірінен 7—8 метр қашықтықта екіқатар етіп егу керек екенін көрсетті.

егуді қолдануға да болады. Әрине, бұл ықтырма өнім бермейді, бірақ қар тоқтатудың өте жақсы құралы болып табылады. Июньнің екінші жартысында немесе июльдің бас кезінде ылғалды топыраққа егілген күнбағыс, әдетте, жақсы өседі, сөйтіп қыстығуні жапырылып қалмайтын болады.

Ал жүгеріні бұлай егу жөніндегі тәжірибе тиісті нәтиже бермеді. Сондықтан оны тек көктемде ерте жыртылған парға ғана егу керек.

«Үгіліп түспейтін —2» сортты көгілдір горчица да өте ылғалды ықтырма өсімдік екенін көрсетті. Бұл дақыл бұтақтанып өседі және оның сабағы берік келеді, сондықтан гүлдей бастаған кезінен-ақ сынбайды, сөйтіп күзгі -қысқы кезде жапырылмайды. Облыстың сорт сынау участоктері агроном Г. Берестовскийдің басшылығымен пар және ерте зябь жыртылған жерлерге горчицаны біркатарлы ықтырма жетінде егу жөнінен арнаулы тәжірибе жасады. Михайловское сорт сынау участогінде, басқа егістіктерге қарағанда, мұндай участоктерге егілген бидайдың өнімі гектарына 3,8 центнерден, күздік қара бидайдың өнімі —6,6 центнерден жоғары болды.

Тәжірибе июльдің бірінші -екінші онкүндіктерінде парды культиваторлағанда —міндетті түрде ылғалды топыраққа 2—3 сантиметр тереңдікке егілген мұндай ықтырмалардың тез өсетінін көрсетті. Күзгі суық түскенше дейін, өсімдіктер ызынды жөндіктерден қорғалған жағдайда, бұл дақылдар 80 сантиметрдей және онан да биік болып өседі. Катараралығы 7—8 метр болып егілген мұндай ықтырмалар қардың қалың және біркалыпты болып тоқтатылуын қамтамасыз етеді. Михайлов ауданының Сталин атындағы колхозы өткен жылы 16 июльде катараралығын 8 метр етіп горчицадан біркатарлы ықтырма екті. Өсімдіктер өте жақсы өсті және қыстығуні қарды жақсы тоқтатты. Мұнда быйылғы көктемге дейін тоқтатылған қардың қалыңдығы 90 сантиметр болды.

Жолқұдық совхозында, Максим Горький ауданының Калинин атындағы колхозында, Павлодар ауданының Ворошилов атындағы және Тельман атындағы колхоздарында және басқа біркатар ауылшаруашылық артельдерде горчица ықтырмалары осындай нәтиже көрсетті.

Потанин совхозында горчицаны ылғалды топыраққа бұдан да кеш егу (июльдің екінші жартысы, августың бірінші онкүндігі) жөнінде нәтижелі тәжірибе жасалды.

1945 жылы Павлодар сорт сынау участогінде парға катараралығын 7,2 метр етіп софлордан біркатарлы ықтырма егу өте жақсы нәтиже берді. Кар алғашқы рет жауғаннан кейін. ақ мұнда біркалыпты болып тоқтады. Бұл пар жыртылған жерге егілген күздік бидай ойдағыдай қыстап шықты, сөйтіп әр гектарынан 22 центнерге дейін өнім берді. Ал сынау участогіндегі таза парда [illegible]

Миллионер колхозда

Колхозшылар ауқатты, мәдениетті тұрады

«Прогресс» колхозы —Полудень ауданындағы миллионер колхоз. Колхозшылардың әл- ауқаты мен мәдени дәрежесі де күннен- күнге жақсара түсуде. Колхозда радио торабы бар. 70-тен аса колхозшының үйінде радиоточка орнатылған. 27 колхозшы радиоқабылдағыш сатып алған.

Колхозда мотоциклі, велосипеді бар колхозшылар аз емес. Соңғы бір-екі жылдың ішінде ғана колхозшылар 130 велосипед, онан астам мотоцикл сатып алды. Көптеген колхозшылар велосипедтер, мотоциклдер алу үшін сауда орындарына заказ берді. Колхоздың аға шопаны В. Рыбалкин жолдас «Москвич» жеңіл автомашинасын сатып алмақшы.

Сүт тапсыру жоспарын орындады

Колхоз сауыншылары үстіміздегі жылы сүтті көп сауға міндеттенген болатын. Алған міндеттемені мүлтіксіз орындау жолында қажырлылықпен еңбек ете отырып, сауыншылар өткен 5 ай ішінде өткен жылғы осы мерзіммен салыстырғанда сүтті әлде қайда көп алды. Со-

...терін арттырып отыруды талап етеді. Тоқшын селолық Советінің атқомі (председателі А. Овчинников жолдас) бұл талапты естен шығарды, Советтің ұйымдастыру және бұқаралық жұмысын әлсіретті. Осылай болғандықтан селолық Советің шаруашылық және мәдени жұмыста ықпалы кеміді. Пікірімізді дәлелдеу үшін фактілерге тоқталайық.

Қай жұмыста болсын, әсресе, совет жұмысында коллективтік баспылық принципін қатаң сақтау табыс кілті екені мәлім. Рас, Тоқшын Советінің атқомі сессиялар мен мәжілістерді өткізу, онда шаруашылық мәдени жұмыстың толғауы жеткен мәселелерін талқылау жөнінде айсайын жоспар жасайды. Бірақ, не пайда, ол жоспар көп реттерде жүзеге асырылмай, қағаз жүзінде қалып қояды.

Мысалы, осы жылы январь, февраль, апрель, май айларында Советтің сессиясы бірде-бір рет шақырылмай, бұл жөнінде конституциялық мерзім өрескел бұрмаланды. Январь, февраль, айларында Чапаев атындағы колхозда мал қыстату маусымының барысы жөнінде сессияда мәселе қарау туралы әңгіме аз болған жоқ. Шынында сөзден гөрі нақтылы іске көшіп, колхозда мал қыстату маусымының жайын сессияда талқылау, тиісті шаралар белгілеу қажет еді. Бірақ, амал не, бұл болмады. Колхозда 70 бас сиыр малының, 50-ден астам шошқаның, 200-дей қойдың шығынға ұшырауына Совет атқомінде гілер де сезсіз кінәлі.

Советтің сессиясы үстіміздегі жылы небары бір-ақ рет, март айында шақырылды. Мұның өзі де формальді өтті. Сессияда Тоқшын совхозының аға инженері Полицин жолдастың мал қыстату маусымы жөнінде хабары тыңдалды. Инженер өзінің іске күнбе-күн қатысып отырмағандығынан мал қыстату жөнінде мардымды ештеңе айта алмады. Бұл түсініктіде, біз бұл арада инженер Полицин жолдасты кінәлаудан аулақпыз. Мал қыстату маусымы жөнінде совхоз директорының, немесе мал шаруашылығы жөніндегі мамандардың есебін тыңдауды ескермеген Совет атқомінің председателі Овчинников жолдастың қылығына таңданымыз бар.

Кейбір депутаттар өздерінің халық қызметшісі екенін ұмытады. Солардың ...ынан тыс қалып келеді. Олар селоның өмірінен алынған мәселелерді, кемшіліктерді жоюды шешу жөнінде қажетті шаралар белгілемейді. Сонымен қатар тұрақты комиссиялардың инициативасы бойынша сессияда мәселе қарау жөнінде ешқандай ұсыныстар енгізілмей келеді. Ауылшаруашылық жұмыстары жөніндегі тұрақты комиссияның председателі Шопавалов жолдас басқаны айтпағанда, комиссия мүшелерінің мәжілісін өткізбегелі айлап уақыт өткен. Ол Чапаев атындағы колхоздың қойма меңгерушісі міндетін атқарудан асып, село еңбекшілерімен қоян-қолтық жұмыс істей алмай жүр. Мәдени-ағарту жұмыстары жөніндегі тұрақты комиссия (председателі Приходько жолдас) жөнінде де осыны айтуға болады.

Газет оқушылары Совет атқомінің мәжілістері мен онда қабылданған қарарлардың дағдыры туралы сұрауы мүмкін. Бұған да жауап бере кетейік. Советтің сессиясы сияқты, мәжілістерінде де село тұрмысының мәселелері сирек қаралады. Қабылданған қарарлардың орындалуы тексерілмейді. Январь, март айларында Совет атқомі өз мәжілісін шақыруды, онда шаруашылық және мәдениет жұмысының алуан түрлі салаларынан мәселе қарауды қажет деп таппады. Кейбір мәжілістің қаулылары жалпылама жазылып, оны жүзеге асыру жөнінде ұйымдастыру жұмыстары жүргізілмей келеді. Бір сөзбен айтқанда Советтің сессиясы мен мәжілістері тыңғылықты әзірленіп, депутаттар мен активтердің зор белсенділігімен өтпейді. Сондықтан, мұнда сессиялар мен мәжілістердің маңызы төмендетілген.

Тоқшын селолық Советінің қамтуындағы елді пункттерде селолық тұтынушылар қоғамы, бірнеше магазиндер мен дүкендер, «Красная звезда» қолөнер артелі, чайханалар мен асханалар жұмыс істейді. Атап айту қажет, өзірге бұл мекемелердің жұмысы село еңбекшілерінің өскелең талабына толық жауап бермейді. Дүкендер мен магазиндерде сабын, керосин, темекі және басқа осы сияқты ең қажетті товарлар үнемі болып тұрмайды. Мұның үстіне советтік сауда тәртібін бұрмалаушы қызметкерлер де жоқ емес. Тоқшын селосындағы асхана үйінің ішінде лас, тағамдар дәмсіз әзірленеді. Бұл кемшіліктердің бәрі де селолық Советтің, оның председателі...

...лекцияларды жиі тыңдап, кинокартиналар мен концерттерді үнемі көргісі келеді. Олардың бұл тілегі орынды да.

Бірақ, селолық Советтің атқомі клубтың оқу үйін мәдени-бұқаралық жұмыстардың орталығына айналдыра алмай келеді. Клубтың бүкіл жұмысы оқта-текте кино қою, немесе жастардың бкін үйымдастырумен тыңдырылып келеді. Бұл мұлде жеткіліксіз. Село интеллигенттерінің агрономдар мен мал дәрігерлерінің, зоотехниктердің, медицина қызметкерлерінің күшін пайдаланып, лекциялық насихатты кеңінен өрістету қажет.

Қазір мектептерде оқу жылы аяқталды. Бастауыш мектептерде оқудың аяқталғанына көп уақыт болды. Алайда, Советтің қамтуындағы мектептерде жаңа оқу жылына әзірлік жұмыстары қолға да алынған жоқ. Солай бола тұрса да Советтің атқомі мектеп меңгерушілері мен оқытушыларды жаңа оқу жылына әзірлікке жұмылдыра алмай келеді.

Тоқшын селолық Советінде соңғы кезде ұйымдастыру және бұқаралық жұмыс жайының нашар болуына еңбекшілер депутаттары аудандық Советінің атқомі де кінәлі екенін айта кету қажет. Аудандық Совет атқомінің председателі Засыкин және басқа да басшы қызметкерлері селолық Советте жиі болады. Бірақ, олар тек ағымдағы шаруашылық жұмыстардың жайымен ғана шұғылданып, Советтің ұйымдастыру және бұқаралық жұмысын жақсарту жөнінде жаңа көмек көрсете алмай жүр. Ал, аудандық Совет атқомінің нұсқаушысы Наурызбаев жолдастың селолық Советке келіп, оның басшыларына нұсқау берген күні болған емес. Селолық Советтің жұмысы аудандық Совет атқомі тарапынан үнемі жаңды көмек көрсетуді, совет құрылысының практикалық мәселелеріне қызметкерлерді үйретіп отыруды талап етеді.

Тоқшын селолық Советінде 32 депутат және көптеген активтер бар. Бұл зор күш. Мәселе депутаттар мен активтердің Совет жұмысына белсене қатысуын қамтамасыз етіп, шаруашылық, мәдени жұмыстарда жаңа табыстарға жете беруде болып отыр. Селолық Совет атқомі мен аудандық Совет атқомінің бүгін таңдағы басты міндеті, міне, осы болып табылады.

Б. ЖАҚЫПОВ.

Тоқшын селосы. (Өз тілшіміз).

Активтердің көмегімен

Бескөл селолық Советінің (Петропавл ауданы) депутаттары мен активтері ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік жаңа заемын тарату жұмысына белсене қатынасуда. Депутаттар Горбунов, Блекатюк, Ли жолдастар өздеріне бөлініп берілген участокте бұқаралық жұмысты кеңінен өрістете отырып, колхозшы шаруалардың, село интеллигенттерінің жаңа заемға тегіс жазылуын қамтамасыз етті.

Сонымен қатар, селолық Советтің заем жөніндегі өкілдері Мурашан, Грудинина және басқа жолдастар өздеріне тапсырылған жұмысқа жауапкершілік сезіммен қарап, село еңбекшілерінің арасында заем тарату жұмысын қызу ұйымдастыруда.

Сессияның күн тәртібінде

Жақында Аралағаш ауылдық Советінің (Совет ауданы) кезекті сессиясы болып өтті. Сессияның күн тәртібінде көктемгі егіс жұмыстарының қорытындысы және егінді күту, шөп шабу жөніндегі міндеттер қойылды. Бұл мәселе жөнінде ауылдық Совет атқомінің председателі Посвященный жолдас баяндама жасады.

Баяндама бойынша депутаттар сөз сөйлеп, алдағы шаруашылық міндеттерді ұйымдастыру жөнінде бағалы ұсыныстар жасады. Ленин атындағы колхоз көктемгі дала жұмыстарын ойдағыдай өткізді. Колхоз председателі депутат Қанапин жолдас қазір колхоздың шөп шабу жұмысына қызу кіріскенін хабарлады. Осы колхоздың дала бригадасының бригадирі Өмірзаков жолдас егінді баптап-күту жөнінде өз міндетіне немкетті қарап жүрген участоктік агроном Финконы әділ сынға алды.

Сонымен қатар депутаттар, әсресе, Әбеева жолдас «Аралағаш» колхозының басшылары шөп шабу науқанына нашар әзірленгенін, бұл колхозда осы күнге дейін шөп шабатын машиналардың жартысы жөнделмегенін атап көрсетті.

Сессия егін күту, шөп шабу жұмыстарының жайын жақсарту жөнінде қажетті шаралар белгіледі.

...талсырудың жартыжылдық жоспарын мерзімінен бұрын —25 майда орындап шықты.

Қазір колхоз мемлекетке сүт сатуға кірісті. Бүгінге дейін 176 центнер сүт сатылса, июньнің аяғына дейін 350 центнер сүт сатылады. Колхоз сатылған сүт есебіне мемлекеттен екі автомашина алмақ.

Құрылыс жұмыстары қыза түсуде

Колхозда жыл сайын жаңа мал қоралары және басқа құрылыстар көптеп салынады. Қазір мұнда 100 бас сиырға арнап бір қора, бір төл үйі салынып жатыр. 5 мың центнер астық сыятын үлкен астық қоймасының құрылысы жүрда аяқталады. 4 автомашина қоятын гараждың, әйелдер босанатын үйдің және дәрігерлік пункт үйінің құрылысы да аяқталуға жуық. Жаңа құрылыстар салуда 2 құрылыс бригадасы жұмыс істейді.

Сол сияқты колхозда жеке тұрғын үй құрылысы қызу жүргізілуде. Қазір 30-дан астам колхозшы жеке тұрғын үй сала бастады.

Овощь егісінің көлемі ұлғаюда

Колхозда овощь егісінің көлемі ұлғая түсуде. Жоспар бойынша быйылғы көктемде 3 гектар жерге овощь егілуге тиіс болса, колхозшылар бар мүмкіншіліктерді есепке ала отырып, овощь егісінің көлемін 11 гектарға жеткізді. Мұнда сарымсақ, сәбіз, қауын, арбуз, редиска және басқа да бақша егістері егілген, помидор, капуста көшеттері отырғызылған.

Быйыл колхоз овощь егісінен 50 мың сом кіріс алады. Ол үшін овощь егістерін баптап, күту ойдағыдай ұйымдастырылған. Овощь егістерін суару үшін двигатель және насос сатып алынған.

Б. ЖАРАСОВ,

Поудень ауданы, «Прогресс» колхозы.

Аванска 15 мың сом ақша бөлді

Өткен 1953 жылы колхоздың ақшалай табысы бір миллион 74 мың сом болды. Колхозшылардың еңбекқұниіне колхоз 6 сом 40 тыйыннан ақша берді. Быйыл мұнда ақшалай табысты бір миллион 700 мың сомға жеткізу қарастырылған.

Қазірдің өзінде колхоз шаруашылықтың түрлі салаларынан көп кіріс алуда. Бұл табыстан колхозшылардың 4 айда тапқан еңбекқұниіне аванс ретінде 15 мың сом қаржы бөлінді. Колхозшы В. Рыбалкин аванска 745 сом, Л. Скутина 425 сом ақша алды.

Бал арасы

Колхоз быйыл 25 ұя бал арасын сатып алды. Омарта село жанындағы ағаштың ішіне орналастырылып, бал арасына арнап жоңышқа, горчица егілген.

Быйыл колхоз тұңғыш рет омарта шаруашылығынан 10 мың сом кіріс алуды жоспарлап отыр.

...тырмалы парды шағын ғана участоктерде жыртып келеді. Ал іс жүзінде ықтырмалы парды ауылшаруашылық өндірісіне кең көлемде батыл енгізу қажет. Мұндай пар жыртылған барлық колхоздар мен совхоздарда, топырақты баптау жұмысы бірдей дәрежеде жүргізілгеніне қарамастан, басқа участоктерге қарағанда, ықтырмалы парға егілген егіннің өнімі орта есеппен 3—5 центнерден жоғары болды. Жолқұдық совхозында өткен жылы ықтырмалы парға егілген егіннен, басқа участоктерге қарағанда, өнім екі есе көп алынды.

Колхоз, совхоздардың ықтырма егуден үшжақты пайда табатынын атап көрсету керек: ықтырма егістен өнім алынады, пар мен ерте жыртылған зябыке егілген дақылдардан қосымша өнім алынады, ал, қыста қар тоқтату үшін күш, қаржы жұмсамайды. Мәселен, Павлодар ауданының Абай атындағы колхозы өткен жылы ықтырма ретінде жүгері екті. Артелі ықтырма егістің әр гектарынан 6 центнерден өнім жыйнады және қыста қосымша шығынсыз егістікке аса көп ылғал жыйналды.

Павлодар сорт сынау участогінде көктемде пар жыртылған жерге ерте пісетін «славгородская —270» сортты жүгерінің ықтырма ретінде екіқатарлап егу жақсы нәтиже берді.

Күнбағыс пен жүгерінің пайдалы және экономика жағынан тиімді ықтырма өсімдіктер екені бірқатар колхоз, совхоздардың өндіріс жағдайында да байқалды. Ерте егілген осы дақылдар неғұрлым сәнімді ықтырма болып табылады. Күзгі суық түскенге дейін өсімдіктердің сабағы қурап үлгіреді, сәйтіп аяз бен желден жапырылып қалмайды.

Алайда, алдағы пар жырту жөніндегі жұмыстардың зор көлеміне байланысты, күнбағысты ықтырма ретінде жаздыгүні қара бидайдың 70 проценті үсіп кетті.

Пар және ерте зябь жыртылған жерлерге ықтырма егуді кеңінен қолданудың быйылғы жылы ерекше зор маңызы бар. Қазіргі міндет келесі жылдың егісі үшін игерілін жаткан өте көп тың және тыңайған жерлерге қыстығуні қарды көп тоқтатуды қамтамасыз ету болып табылады. Мұндай үлкен участоктерде қар тоқтатуды тек ықтырма егу әдісімен ғана жүзеге асыруға болады.

Облыстың озат шаруашылықтары қазір ықтырма егу үшін тұқым әзірлеуде. III Интернационал атындағы, Павлодар және басқа бірқатар МТС-терде жерді жыртқанда немесе культиваторлағанда күнбағыстың, горчица мен жүгерінің тұқымын бірге сеуіп отыруға арналған тетіктер жасалуда. Бұл тұқым себетін құрылысы жеңіл аппараттар плугтарға немесе культиваторларға орнатылады.

Жаңа жерлерді игерудің алдағы уақыттағы кеңінен өрістетілуіне және ықтырма егістер көлемінің ұлғайтылуына байланысты ықтырма ретінде егілген күнбағыстың басын жыйнауды механикаландыру жөнінде міндет қойылып отырғанын айта кеткен жөн. Амал не, совхоздар мен МТС-терде бұған арналған машиналар әлі жоқ. Күнбағыстың басын жыйнауды механикаландыру өте бағалы майлы дақылдан қосымша өнім алу жұмысын едәуір жеңілдетіп, тездеткен болар еді.

Пар және ерте зябь жыртылған жерлерге ықтырма егу жолымен қар тоқтату әрбір шаруашылық үшін неғұрлым жеңіл және арзанға түсетін, пайдалы шаралардың бірі болып табылады. Ықтырма егуді кең көлемде қолдану егіннен неғұрлым мол өнім алып, Отанымызға қосымша көптеген астық, техникалық және басқа дақылдар өнімін беруге мүмкіндік туғызады.

Агроном В. ГАЛИМСКИЙ.

Облыстық драма театрының гастролі

Бұл күндері облыстық драма театрының коллективі екі топқа бөлініп, облысымыздың колхоз, совхоздарында және МТС-терінде постановкалар қойып, концерттер беріп жүр. Бір топты театрдың директоры Леонов жолдас, ал, екінші топты театрдың бас режиссері Скалов жолдастар басқарады.

Құрамында 18 артисі бар Леонов жолдас басқарған бригада жақында Булаев ауданының Маленков атындағы, Қарағанды, Возвышен совхоздарында, Совет ауданының бірқатар колхоздары мен совхоздарында болды. Онда олар Матаеноктың «Ғафу етіңіз», Балабан мен Садконың «Жүз миллион» деген постановкаларын қойып берді. Топтың репертуарында концерттік номерлерде бар. Оған көркем шығармалардан үзінділер, саясі сатиралар және өлеңдер енгізілген.

Леонов жолдас басқарған артистер тобы жергілікті көркемөнерпаздар үйірмелеріне де айтарлықтай көмек көрсетуде. Артистер тобы Возвышен совхозында болған уақытында Александра Безталанная жолдас басқаратын көркемөнершілер үйірмесіне репертуарды іріктеп алуға, өлеңдер үйретуге көмектесті.

Бұл топ Ленин, Октябрь және Преснов аудандарының колхоздарында, совхоздарында және МТС-терінде болып, аудан еңбекшілерін концерттермен, постановкалармен қамтыйды.

Н. ПРОХОРОВ.

Құрылыс жұмыстары қызу жүргізілуде

Приишім совхозында жаңа құрылыстарды салу жұмыстары қызу жүргізіле бастады. Совхоз жұмысшылары мемлекеттің көмегімен өздеріне тұрғын үйлер салуда. Қазір 10 жұмысшы семьясы өздеріне тұрғын үйлер салып жатыр. Оның ішінде комбайншы Қоқанов, партияның шақыруы бойынша совхозға келген шоферлар Ткаченко, Черненко және басқа жолдастар бар.

Әңгіме колхозды ауыл—село мәдениеті туралы

Колхоз дәулеті артып, мәдениеті гүлденуде

Деревняның бүгінгі бейнесі

Жазық жолмен жүйіткіп келе жатқан жеңіл машина колхоз жерінің шекарасына кіргенде, еңбекшілер депутаттарының аудандық Советі атқару комитетінің председателі Ыбраев шоферга егіс бригадасына соғуды ескертті.

Жазғытұрғы тасқында бүкіл алқапқа жайылған суы қайта бастаған Есіл өзенінің жиегі алыстан алабұрттаның көрінеді. Оның жиекке шығарып тастаған шөптері мен ағаш бұталары анда -санда бір төмпешіктене көзге шалынып қалады. Екпіндеп тасып, жағаға дейін өктем келген Есіл суы енді кейін қайтысы келмегендей арнасына баяу ғана тартылып бара жатыр. Оның суына шөлін қандыра тойған жер де басқаша өң бере түсіпті. Су ортасында арал сияқты болып қалған шабындық жер де жасыл көрпесін жамыла бастаған.

—Быйыл жемшөпті мол дайындауға мүмкіншілік жеткілікті, —дейді аудандық Совет атқомінің председателі. —Сонау көрінген қалың шоқ талдан бергі алқаптың бәрі біз бара жатқан осы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының шабындығы. Быйыл жауын да жақсы болып тұр.

Колхоздың 200 гектар еккен көп жылдық және біржылдық шөбі бар екен. Ол да жақсы өсіп келе жатыр.

...Біз егіс бригадасына түс ауған кезде келдік. Қалың ағаштың орта шеніне таман орналасқан дала вагоншасы бірден көзге түседі. Вагонша плакаттар және ұран дарға безелген. Айналасы сыпырылып, тазаланған ол мұндағылардың жыйнақтылығын аңғартқандай.

Вагоншаның ішінен шыққан әсем ән сыртқағыларға да анық естіледі. Ішке кірген соң білдік, ән радиоқабылдағыш арқылы Москвадан алынып тұр екен. Екіүш жігіт ән тыңдап нар үстінде, енді бір екеуі дойбы ойнап отыр. Қабырғада жауынгерлік листоктың кезекті номері, көрсеткіш тақтасы ілінген.

Бригада орталық, республикалық және облыстық газеттерді тағы бірнеше журналдарды үзбей алып тұрады екен. Мұнда саяси, ғылми, әдеби кітаптар да жеткілікті көрінеді. Вагоншаға телефон орнатылған. Біз бригада басында біраз уақыт болдық та колхоз орталығына жүріп кеттік.

«Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының орталығы бұрын Березовка деп аталатын селода орналасқан. Бірақ, әуелдегі Березовканың көзір құр сақталып қалған аты болмаса, өзі мүлде өзгерген. Әрбір үйдің жанында бақша, жапырақтары жайқалған ағаштар. Колхозды -ауылдың шет жағына да бақша егілген. Онда 220 түп алма ағашы, лимон, тағы басқа жеміс ағаштары өсірілген. Бақшаға іргелес жерде омарта алаңы. Онда 26 ұя бар.

Колхозды ауылды айнала қоршай өскен ағаштар бейне бір орманға ұқсайды. Мұнолық Советтің председателі Жәкиенов жолдас, қарағайдан салынған үлкен шатырлы үйді нұсқап. — Бір кезде осының өзіне мәз болып жүрдік. Енді бұл қанағаттандырмай отыр. Мынау үйілін жатқан шлак- бетоннан осы жерге быйыл жаңадан клуб саламыз.

Колхозды ауылдың көркі, қайнаған еңбегі бізді аралаған сайын, білген сайын қызықтыра түседі. Көрмеде жүргендей аралай бергіңіз келеді, білгеніңіздің үстіне біле түскіңіз келеді.

—Саша, тракторыңмен ақырғы күн жүріп қал. Енді бұл жолды тракторының табаны баспайды. Бір-ақ жыл, содан кейін бұл арада асфальт болады, —дейді грейдер жолын түзеп жүрген тракторшыға қысық көз, сары жігіт.

Бұл —осы колхоздың орталық көшесі. Көшені көркейту көзірдің өзінде қызу қолға алыныпты. Колхоз басқармасы, мектеп, клуб, асхана, амбулатория, бәрі де осы көшеде орналасқан.

Колхоздың барлық жұмыс участоктеріне телефон, радио орнатылған. Әрбір колхозшының үйінде, фермаларда электр жарығы бар. Сондай-ақ ауылшаруашылық артелі электр қуатын колхоз өндірістерінде де мол пайдалануда.

Әуелде Березовка және Ново-Павловка кішкентай ғана екі колхоз болатын. Ұсақ колхоздарды іріландіру тұсында бұл екі кіші колхоз бірігін, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозы болды.

Бұл екі шағын колхоздың қосылуы колхоздағы бай күш- мүмкіншілікті, техниканы түгел пайдалануға, колхоздың дәулетін арттыруға, колхозшылардың әл-ауқатын жақсартып, мәдениетін гүлендіруге, колхозда пайдаланылмай жаткан тың және тыңайған жерлерді толық игеруге зор мүмкіншіліктер туғызды.

Көзір осы іріленген колхоздың шаруашылығы жыл сайын өсіп, мәдениеті де өркеңдеп келеді. Колхоздар қосылмай тұрғанда колхозда бұрын болмаған овощь өсірушілер бригадасы, бақша күтіп, бақтаушылар бригадасы да тек іріленненнен кейінгі жерде ұйымдастырылды.

Бұл жаңадан ұйымдасқан овощь бригадасы соңғы екі жылда орасан мол өнім алды. Ал, быйылғы жылы картоп, овощь дақылдары шаршы- ұялау әдісімен отырғызылды. Тек осы бригаданың өзінде ғана капуста, қыяр, қызылша, сәбіз, қауын, қарбыз, асқабақ және тағы басқа бірнеше түрлі дақылдар себілді.

Егілген овощь дақылдары күніне 2-3 рет суарылып, жиі- жиі арам шөптердеч тазартылып отырылады. Бригаданы колхоздың озат колхозшысы Мария Осиповна Ткаченко басқарады. Осы бригадада өздеріне берілген тапсырманы үнемі артытымен және сапалы орындайтын колхозшылар да аз емес. Бұлардың қатарына Мария Ченцова, Марфа Рекина, Анна Барығыдай емес, ағашты қол арамен емес, электр арасымен тілеміз.

Гаврил қарттың өз семьясы да ауқатты тұрады. Үш бөлмелі, едендері сырланған ағаш үйі бар, дүние, малдары да жеткілікті.

—Осы үйде кемпір- шалдың қалған өміріне жететін дүние бар. Балалар бізден көмек сұрамайды, өздеріне жетерлік байлық оларда да бар, —дейді Гаврил қарттың бәйбішесі Елена Петровна.

Октябрь революциясына дейін қалам алып, қағаз тұрте білмеген Гаврил карт көзір сауатты. Ол «Правда» және ауылшаруашылық газеттері мен «Крестьянка» журналын алып тұрады. Қарттың үйінде орыстың ұлы классиктері мен совет жазушыларының шығармалары да бар екен.

—Колхозымыздың дәулеті артқан сайын, колхозшылардың тұрмысы да жақсаруда, —деп аяқтады карт әңгімесін.

Мәдениетті сауда

Селолық магазиннің іші бүгін де халыққа лық толы.

—Анау гавардиннен тігілген макентождың түсі жақсы екен, Вася. Мен көкшіл түсті жақсы ұнатамын. Өзіне шақ болса, соны сатып алсайшы, —деп бір жас қыз бұйра шашты, орта бойлы жігітке сыбырлайды.

—Өзірге киє тұратын күзгі пальтом бар ғой. Одан да радиоқабылдағыш, самовар тағы басқа керекті ыдыс-аяқ алайық...

—Той жасауға әзірленіп жүрген жастар. Кеше келіп никельді кровать, көрпелер алып еді, енді бүгін тағы да үй жабдықтарын алайын деп жүр, —деп түсіндірді бізге сельпо бухгалтері Елизавета Васильева.

...Міне, магазинге қарай асыға басып, біртоп кішкентай сатып алушылар келеді.

—Мария апай, III-кластың оқулықтары бар ма? —дейді іштеріндегі ең кішкенесі Аля.

—Бар. Қандай кітап керек? Алдымен екінші кластан қалай көштің. Соны айтшы?

—Жақсы бітірдім. Енді үшінші класка керекті оқулықтарды алып, қояйын деп едім —дейді Аля сатушыға, қолындағы жазып алған кітаптардың тізіміне қарап.

Село магазині мектеп оқушыларын керекті оқулықтармен, көркемдік құралдармен жақсы жабдықтап келеді. Магазинде саяси- көркем әдебиеттер де жеткілікті.

Орыс классиктері, Совет, демократиялық елдердің жазушыларының шығармалары, ғылыми, ауылшаруашылық, техникалық кітаптардың саны көп. Үстіміздегі жылы колхозшылар магазиннен мыңдаған сомның кітаптарын сатып алды.

Колхоз орталығындағы селолық тұтынушылар қоғамында сауда қызу жүргізілуде. Осы тұтынушылар қоғамына қарасты колхоздың екі селолық магазині колхозшыларға қажетті тігулі киім, тыстық және іштік маталар, аяқкиім тағы басқа халық көп тұтынатын буйымдарға лық толған. Өткен жылы тұтынушылар қоғамы колхозшыларға екіжарым миллион сом ның әртүрлі товарларын сатты. Ал, 1954 жылдың тек қана бес айы ішінде біржарым миллион сомнан астам түрлі товарлар сатылып отыр.

Колхозшылар қымбат бағалы буйымдарды да көптен алуда. Быйылғы жылдың өзінде «Родина», «Урал», «Москвич» сияқты радиоқабылдағыштарды ондаған колхозшылар сатып алды. Соңғы айлардың өзінде колхозшыларға төрт мотоцикл сатылды.

—Колхозшылардың әсресе, қымбат бағалы буйымдарға қажеті барған сайын артып отыр,—дейді селолық тұтынушылар қоғамының председателі Туляков жолдас. —Біз әлі де болса олардың бұл қажеттерін өтеу жолында көп борыштымыз.

Мәдениеті өсіп, тұрмыс дәрежесі күннен- күнге артып отырған бұл артель мүшелерінің бүгінгі өмірі барлық совет адамдарына тән. Ал, олардың сатып алу қабілеттілігінің соншалықты артып отырғандығы, сөз жоқ, ауқатты тұрмыстың айғағы.

Демалыс кеші

Бүгінгі кеште күндегіше өте көңілді басталды. Жұмыстан кейбір жастар келіп, кейбір жастар жаңада оралған кез еді. Желсіз таза ауада, алыстан өлең айтып келе жатқан жастар даусы көшедегі халықтарға түгел естіліп тұр.

Колхозшы жастардан ұйымдасқан волейбол командасы да жеңіл спорт костюмдерін киіп, мектеп алаңына қарай аяңдады.

—О, болашақ механизаторлар да келе жатыр екен. Әнеугі күні жеңіліп қайтып еді. Енді соның есесін қайтаруға келгендері ғой. Ал, жігіттер, бүгін волейбол ойыны өте қызық болады....— дейді бәтаптарын алып оқуына толық мүмкіншілік жасалған.

Колхозда хат танымайтын адамды кездестіру өте қыйын. Колхозшылардың көпшілігі газет, журналдар алдырады. Қай колхозшының үйіне барсаңыз да орталық, республикалық, облыстық және аудандық газеттердің ең соңғы номерін оқыл аласыз. Соңғы 1954 жылдың өзінде колхозшылар 200 дана түрлі газеттерге жазылды. Ал, колхозшылар алдыратын журналдар саны да 100-ден астам. 80 жастағы колхозшы Худзинский сол сияқты М. Эрдман газет, журналдарды көптеп алдырушылар.

ректоры Швецов 14 жыл бойы директорлық қызметте қажырлы еңбек етіп келеді. Ол көп жылғы еңбегі үшін «Еңбекте үздік шыққаны үшін», «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен наградталған.

Мектеп маңайы түгел көгалдандырылған. Мектеп айналасына алма ағашы, лимон, қарақат, лалагүл тағы басқа өсімдіктердің бірнеше түрі егілген. Мектеп бақшасы оқушылардың демалыс орнына айналған.

Мектептің кең алаңында оқушылардың тәжрибе участогі бар. Мұнда смена бидайы, сұлы, тары, картоп, күнбағыс, кендір, сәбіз, сарымсақ, бұршақ, шалғам тағы басқа дақылдар егіледі. Мектеп оқушылары қаладағы жас натуралистер станциясымен тығыз байланыс жасап тұрады.

Жаңа оқу жылына мектептерді толық даярлау жұмыстары да мұнда қызу қолға алынған. Көзірдің өзінде мектептердің ұсақ жөндеу жұмысы жүргізіліп жатыр. Отын дайындау, мұғалімдерді пәтермен қамсыз ету жұмыстарына 13 мың сом қаржы жұмсалмақ. Мектептерде оқу тәлімтәрбие жұмысының жақсы жүруі колхозшылар балаларының білімді жаңа топтарының күннен-күнге көбейе беруіне мүмкіндік тудырып отыр.

Еңбек даласында

Жазық дала. Трактормен жыртылған егіс даласының ұшы-қыйырына көз жетпейді. Батып бара жатқан күннің арай сәулесіне шағылысқан механизаторлардың үстіндегі қара майлы комбинзондар алыстан жылтырап көрінеді.

—Олинда қағазың жете ме, мол ғып ал. Бүгінгі цифрларды жазатын қағаз таба алмай жүр ме?—деп айғайлайды есепші қызға трактордың рулінде отырған жігіт. Оның қызға қарап тістерін ақсыйта күліп айтқан қалжың сөздерін трактор гүрілі әзер естіртеді.

— Жетеді, тез менің қағазыма сыятын цифрды өзің тап, —дейді қыз.

—Өзі бір қылжақбас жігіт. Қалжыңсыз жүре алмайды,—деп түсіндірді есепші қыз бізге. — Тапсырмасын үнемі артығымен орындап келеді. «Менің жыртқан жерім, еңбеккүнім, үнемдеген жанар, жағар майларымның санына сенің қағазың жетпейді, мол ғып жыйнап ал» деп жай жүрген күндерінде де мені ашуландырғысы келеді. . .

Біздің әңгімемізді жанымызға келіп тоқтай қалған мотоциклдегі адам бұзып жіберді. Бұл осы № 9 трактор бригадасының бригадирі Михаил Дмитрьевич Самутдинов екен.

—Бүгінгі қорытындыны шығардың ба, Олинда, —деді ол есепші Кунькеевага.

—Әзір жақсы, толық қорытындыны жұмыс аяғынан кейін қос басында айтармын. Мына жігіттердің жұмыс аяғына дейін әлі бірнеше гектар жер жыртатын түрі бар.

Жұмыстан кейін әзіл- қалжыңдарын араластыра күліп келе жатқан біртоп адам көрсеткіш тақтасының алдына келіп тоқтады. Бұл келгендер озат трактор шылар Симон, Шефинг, Зальцман еді. Олар көктемгі егісте күндік тапсырмаларын үнемі біржарым және екі еседен асыра орындап жүргендер. Жанар, жағар майларын да әркайсысы екі центнерден аса үнемдеді. Трактор шылар көзір нар жыртуда да күндік нормаларын үнемі асыра орындауда.

Озат механизатор Михаил Дмитрьевич Самутдинов басқарған трактор бригадасы Асанов атындағы МТС бойынша алда келе жатқан бригаданың бірі.

Қажырлы еңбек —ауқатты тұрмыстың анық кепілі екіндігін осы озат механизатордың тұрмысынан айқын көруге болады.

Михаил Дмитрьевич өткен жылы еңбеккүніне 35 центнер астық, 10 мың сом ақша алды. Ал, осы жылғы көктем егісінде, бір айдың ішінде 400 еңбек күн таулып отыр. Оның үй-ішіне қала тәртібімен жыйналыпты. Төргі бөлмеде Ленинніп, Сталиннің портреттері мен плакаттар. Бөлменің орта шеніне таман тұрған столдың үстінде беті әдемі, кестелі ақ жібек орамалмен жабылған радиоқабылдағыш тұр.

Озат механизатор соңғы екі жылдың ішінде 4 мың сомдық мотоцикл, көптеген қымбат бағалы буйымдар және төрт бөлмелі үй сатып алды.

Михаил Дмитрьевич үлкен баласы Александр Ешим қаласында IX класта оқыйды екен. Оқуын бітіріп, демалыска келетін баласына әкесі велосипед пен костюм сыйламақ.

—Табысымыз қандай болса, талғамымызда сондай. Көзір колхозшылардың да тұрмысы жақсаруда. Быйыл колхозда менен басқа үш адам мотоцикл алса, енді осы жаз айының табысына тек біздің бригададан 3—4 трактор шы мотоцикл алмақ. Келесі жылы келе қалсаңыздар «Победамен» жүргенімізді көруіңіз қажан емес, —деп күлімдейді Михаил Дмитрьевич.

Сәулетті болашақ

Шаруашылығы дамып, мәдениеті өсіп отырған «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының келешегі де зор. Бұл—ком-

көркейту жұмыстары да қолға алынып отыр. Көшелерде егілген неше түрлі алуан ағаштар жапырақтарын [illegible]

шіктерін жая, жапырақтары жасыл тарта бастаған осы ағаштардың хош иісін жұтқан сайын рахаттана түсесіз. Осы бір қалың ағаштың іші де масаты кілем төсеп тастағандай жұп- жұмсақ. Бұл тоғайға жұмыстан бос уақыттарында келіп, серуеннен жүрген колхозшылларды көресіз...

Қала тәртібімен салынып, оқтай тізу көшелер құрған колхозшылар үйлеріне әр телеграф бағанасынан бірнеше сымдар тартылған.

—Анау тұрған ескі клуб,—дейді се-

Гаврил қарттың үйінде

—Мынау біздің колхоздың қарт мүшесі Гаврил Яковлевичтің үйі, — деп көрсетті бізге, Жәкиенов жолдас, үлкен шатырлы үйді нұсқап. —Колхоздың бұрынғы өмірі мен қазіргі кезінің куәсі сол кісі.

Гаврил Яковлевичтің үйінің маңайында егілген бақ көз тартады. Жаңа ғана шешек жарып келе жатқан неше алуан гүлдердің иісі кешкі самал желмен бұркіліп, жан- жаққа тарағай жұпар тәрізді.

Біз қартты жұмыстан кейін үйінде газет оқып отырған уақытында кездестірдік.

—Көзі түскір бұлдырап кетеді,—дейді ол көзілдірігін алып жатып. —Қай балаларсыңдар?

Жөн сұрасып, танысқаннан кейін қарт біздің тілегіміз бойынша «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының тарихын баяндады.

—Бұл колхоздың жері, бұрын Березовка деп аталатын, —деп бастады қарт әңгімесін. Оның терезеге ойлана қараған жүзінен өткен бір өмірді көз алдына елестеткені сезіледі.—Әуелде осы арада көшіп келген үш-ақ семья болдық. Бұл жер онда помещик Герасимовтың меншігі болатын.

Алғаш ТОЗ-ға мүше болып біріккеніміздe Елена Петровна екеуміздің көрпе жастықтан басқа дүниеміз жоқ еді. ТОЗ-ға біріккендердің бәрі де біз сияқты кедейлер ғой, шырақтарым. Бірте- бірте ел болып, өз алдымызға түтін түтете бастағанымызда колхозда небары 28 жылқы малы, 20-дан астам сыйыр болды. Оған дейінгі тұрмысымызбен салыстырғанда мұның өзі өте зор байлық еді. Өйткені, аз болсын, көп болсын өз малымыз, өз дүниеміз ғой.

60 жасқа келген Гаврил Яковлевич Кубовский қарт өзін әлі тыңмын деп есептейді. Ол әлі колхоз жұмысында. Өткен жылы 500-ден аса еңбеккүн тапса, биыл ғы жылы теккана 5 айдың ішінде 300-ден аса еңбеккүн тауышты.

Мен ауыр жұмыста емеспін. Бірақ, жұмыстың бәрі де жауапты. Өзімнің әуелгі мамандығым ағаш шебері. Қазіргі жұмысымды онай деп отырғаным,—дейді қарт бізге сөзін дәлелдей түскісі келіп, —колхозда бұрынғыдай емес, механизация күші өтек алды. Біз, балташылар, огородты қоршау үшін керекті ағашты, колхоздың жаңа құралған кезінде бірнеше жұма дайындасақ, қазір небары бір-ақ күн керек. Бұ-

Үстіміздегі жылы бұл бригада картоп, овощь дақылдарынан өткен жылдағыдан екі- үш есе артық өнім жыйнауға міндеттеме алып отыр.

Колхоз байлығының артуы село мәдениетінің шарықтап өсуіне мүмкіншілік беріп отыр. 1950 жылмен салыстырғанда үстіміздегі жылы мұнда барлық салынған егіс көлемі 50 процент артып, мал саны да едәуір өскен. Ал, колхоз кірісі үстіміздегі жылы өткен жылғыдан екі есе көбейеді.

—Анау тұрған ескі клуб,—дейді сенімсізбен Елена Петровна екеуміздің көрпе жастықтан басқа дүниеміз жоқ еді. ТОЗ-ға біріккендердің бәрі де біз сияқты кедейлер ғой, шырақтарым. Бірте- бірте ел болып, өз алдымызға түтін түтете бастағанымызда колхозда небары 28 жылқы малы, 20-дан астам сыйыр болды. Оған дейінгі тұрмысымызбен салыстырғанда мұның өзі өте зор байлық еді. Өйткені, аз болсын, көп болсын өз малымыз, өз дүниеміз ғой.

60 жасқа келген Гаврил Яковлевич Кубовский қарт өзін әлі тыңмын деп есептейді. Ол әлі колхоз жұмысында. Өткен жылы 500-ден аса еңбеккүн тапса, биыл ғы жылы теккана 5 айдың ішінде 300-ден аса еңбеккүн тауышты.

Мен ауыр жұмыста емеспін. Бірақ, жұмыстың бәрі де жауапты. Өзімнің әуелгі мамандығым ағаш шебері. Қазіргі жұмысымды онай деп отырғаным,—дейді қарт бізге сөзін дәлелдей түскісі келіп, —колхозда бұрынғыдай емес, механизация күші өтек алды. Біз, балташылар, огородты қоршау үшін керекті ағашты, колхоздың жаңа құралған кезінде бірнеше жұма дайындасақ, қазір небары бір-ақ күн керек. Бұ-

майкалы сары жігіт.

Оның бұл сөз қылып келе жатқаны осы облысқа тың және тыңайған жерлерді игеруге келген патриоттар еді. Колхоз жігіттері оларды механизаторлық мектепте оқып жүргендіктен: «сендер әлі толық механизаторлар емессіндер, болашақ механизаторларсыңдар» деп қалжыңдап қояды.

Осы бір әр ұлттан жыйналған жастардың қалжыңдары, зілсіз әзілдері өте жарасымды-ақ. Олардың іштерінде орыс та, украин да, өзбек те, қазақ та, грузин де, башқұрт та бар. Осы көп ұлттың жастары бір ананың балаларындай тату- тәтті тұрады. Мақсаттары бір жастар еңбекте де, оқуда да бір- бірінің ақылшысы, қамқоршысы. Бір- бірлеріне үнемі көмектесіп отырады.

Жұмасына екі- үш рет колхоз клубында болып, көңілді демалыс кешін өткізуге дағдыланған колхоз адамдарының көңілдері шат.

Халық жыйналып бозған кезде, колхоздың киномеханигі Кривощеков жолдас «Ұмытылмас 1919 жыл» киносын көрсете де бастады. Колхоз клубы мәдениет орталығына айналған. Клубтың кең залында жиі -жиі лекциялар оқылып, колхозшылар ауылшаруашылық озаттарының жаңа еңбектерімен таныстырылып отырылады. Ал, сенбі, жексенбі күндері клубта билеуге жыйналған жастар саны тіпті көбейіп кетеді. Колхоз клубының кітапханасында 1500-ден астам түрлі кітаптар бар. Әсресе, марксизм- ленинизм классиктерінің еңбектері, совет жазушыларының шығармалары, ауылшаруашылық озаттарының тәжрибелері, және Қазақстанда, Сібірде, Оралда тың жер игерудің кейбір әдістері туралы жазылған кітаптар өте көп. Колхозшылардың үнемі қалаған кі-

Колхоздың оқу үйінің меңгерушісі Буяновты біз № 1 трактор бригадасының дала вагоншасында кездестірдік. Бүгін де ол мұнда газет- журналдардың соңғы номерлерін, жаңа түскен әдеби кітаптардың бірсыпырасын әкелінті. Дала вагоншасының да бейнесі көз тартқандай. Ілінген ұрандар тракторшылардың күнделікті істеген жұмыстарының қорытындысы көрсеткіш тақтаға жазылған.

Колхозшы әйелдердің жұмысқа алаңсыз жүруіне де мұнда толық мүмкіншілік жасалған. Колхоз орталығындағы балалар яслиінде 50-ден астам жас балалар тәрбиеленеді. Яслий үйінің еңсесі биік, еденді сырланған.

Үстіміздегі жылы балаларға керекті төсек -орын және ойыншықтар сатып алуға колхоз 4 мың сом қаржы бөліп отыр. Совет балаларында ғана болатын бақытты өмір, жарқын болашақ, осы яслийде тәрбиеленетін балалар өмірінен айқын аңғарылады.

Бұл колхоздың орталығында екі жетіжылдық мектеп бар. Бұл мектептерге колхозшылардың балалары түгел тартылған.

Быйыл бұл мектептерде 200-ден астам оқушы оқыды. Оның ішінде 25 оқушы VII класты жақсы және өте жақсы деген бағамен бітіріп шықты. Ал, басқа класс оқушылары түгел дерлік кластан- класқа көшті. VII класс оқушысы Шведов Владимир, VI класс оқушысы Әлімбаева Зоя оқуды үздік бітіріп шықты.

Мектептерде оқытушылар коллективі де жоғары білімі бар және оқытушылар институтын бітірген мұғалімдермен толықтырылған. Осы мектепте 1930 жылы Житомир педагогикалық институтын бітіргендер —Ганис математикадан, ал, Палечная биология пәнінен сабақ береді. Мектеп ди-

бара жатқан ауылшаруашылық артелі.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь және февраль- март пленумдары ауылшаруашылығын онан әрі өркендетудің негізгі шараларын белгілеп берді. Осы қаулымен қаруланған «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының колхозшылары үстіміздегі жылы көктемгі егісті мерзімінде, агротехникалық жоғары дәрежеде өткізді. Өткен жылдардағыдан әлде қайда көп ондаған тонна минералды тыңайтқыштар егіс даласына төгілді. Көң, күл, құс сақырығы, мал қыйы тағы басқа тыңайтқыштар көптеп қолданылды. Колхозда 85 гектар картоп, 18 гектар жүгері, 18 гектар күнбағыс, 10 гектардай түрлі жемістер шаршы ұялап егу әдістерімен отырғызылды.

Колхозшылардың бар күш-мүмкіншіліктіі сарқа пайдалана отырып, жанаямай еңбек етулері себілген 2 мың гектардай дәнді дақылдардың әрбір гектарынан 100—120 центнер өнім, ал, картоптың әрбір гектарынан 140—150 центнер және басқа түрлі жемістерден де мол өнім алуға мүмкіншілік туғызып отыр.

Колхоздың мал шаруашылығы да өткен жылдармен салыстырғанда анағұрлым өсті. Қыста өте күйлі шыққан күтімі жақсы сыйырлар сүтті көп беруде. Тек соңғы бес айда сүт тапсыру жоспары 99 процент орындалды.

Колхозда еңбекті көп қажет ететін жұмыстарды толық механикаландыру колхоз баспыларының алға қойған басты міндеті болып отыр. Міне, бұл жұмыстың да алғашқы жемісі —колхоз диірмені, ағаш тілетін машина, астық тазарту, ұста жұмысы және май айыру, жарма жасау жұмыстары кәзірдің өзінде механикаландырылды.

Үстіміздегі жылы колхоз орталығын

Колхоз басқармасының кеңсесіндегі жарық әлі сөнген жоқ. Үлкен столды қоршай отырған колхоз басқармасының мүшелері, алдыңғы қатарлы колхозшылар. Алдарында ауыл шаруашылығы артелінің болашағын көрсететін үлкен жоспар жатыр.

— Үстіміздегі жылы колхоздың өз күшімен бірсыпыра құрылыс жұмыстары жүргізіледі, —деп колхоз председателі Иван Давыдович біздің назарымызды жоспарға аударады.—Мынау, колхоз басқармасы кеңсесінің жанынан 50 кісілік ашхана, ал, орталық көшенің арғы жақ бетінен Мәдениет үйі салынады. Колхоз моншасын селоның солтүстік шет жағын ала салуды жоспарлап отырмыз.

— Ал мына арада, —дейді Иван Давыдович қызыл қарындашпен белгіленген орталық көшенің сырт жағындағы үлкен нүктені көрсетіп, —150 бастық стандартты мал қорасы салынады. Сыйырларды келесі жылы электр қуатымен сауу үшін алдымен осы қораны дұрыстап салуды қолға алып отырмыз.

Колхоз жоспары бойынша бұлардан басқа машиналар тұратын гараж, жемістер сақталатын қоймалар салынбақ. Колхоздың құрылыс жұмысына бөлінген қаржы 145 мың сомнан асады.

Сәулетті тұрмыс, сәнді өмір —бұл артель мүшелерінің кәзіргі үлесі. Ал, олардың болашағы бұдан да бақытты, бұдан да сәулетті. Оған оларды, бүкіл совет халқын, заманымыздың ақыл- ой, ұжданы—ұлы Коммунистік партияның даналық басшылығы кепіл.

Ж. МҰҚАНОВ,
К. ӘМІРЖАНОВ,

Петропавл ауданы.



СУРЕТТЕРДЕ: 1. Ботаника пәнінің оқытушысы Таиса Семеновна Павельчук V класс оқушыларына мектеп бағында өсірілген алма ағашы гүлдерінің құрылысын түсіндіріп тұр. 2. Құрылыс бригадасының бригадирі (солдан оңға қарай) Н. А. Кох, дала бригадасының бригадирі А. Х. Рейдер, колхоз председателі И. В. Лященко, колхоз бухгалтері Н. А. Маник, трактор бригадасының бригадирі М. Д. Самутдинов және есепші Э. З. Диркс жолдастар колхоз селосын көркейтудің шараларын талқылау үстінде. 3. Жұмыстан қайтқан бригадир Михаил Дмитриевич Самутдиновты баласы мен енесі алдынан шығып қарсы алуға келе жатыр.

Өткен жексенбіде

Петропавлдық инженерлер демалыс күні қала сыртындағы ағашты жерлерге барып дем алады.

СУРЕТТЕ: (солдан оңға қарай) инженер Абрам Израилович Иоктон және Сергей Федорович Марьясов «Пестрое» көлі жанында өздерінің семьяларымен бірге тынығып отыр.

ЕСІЛ ЖАҒАСЫНДА

Есіл өзені табиғатының қәзіргі көркемдігі өте әсем. Өзен суына еркін қанған алқап бейне бір масаты кілемдей құлпырып, алыстан көз тартады.

Өткен демалыс күні мұнда келген халық өте көп болды. Олардың ішінде завод жұмысшылары, Петропавл ауданының колхозшылары, қаланың интеллигенттері мен оқушылары бар.

Демалыс күнін балық аулауға пайдаланып жүргендер де аз емес. Өзен үстінде балықша жүзіп күміс суда ойнақ салғандар да көрінеді. Тынығушылардың көңілді дауыстары мен үндері бейне бір демалыс симфониясындай естіледі.

Озат жұмысшы Михаил Федорович Степанов демалысты өзен бойында өткізуге барлық семьясымен келіпті. Құмға аунап, денелерін күнге күндіре асыр салып ойнап жүрген Валя мен Зинаның жүздерінен бақыттылық нышаны айқын сезілгендей. Ал, мұндай өз демалыстарын өзен жағалауында өте көңілді өткізген семьялар бұл күні мұнда ондап болды.

Өзеннің арғы жағындағы халықты бері қарай, бергі жағындағы халықты әрі қарай тасып жүрген қайықтар мен моторлы катерлер тоқтаусыз жүріп жатты. Қайықта отырған жастардың салған әндері өзеннің тынық суымен жаңғырыға, алысқа кетіп жатыр.

Есіл өзенінің бойына саяхатқа барғандар өте көңілді демалыс серуенін жасап қайтты.

СПОРТШЫЛАР ЖАРЫСЫ

Өткен жексенбіде «Динамо» стадионында мектеп оқушыларының қалалық спартакиадасы салтанатты түрде ашылды. Оған қаланың 11 мектебінің спортшылары қатысуда.

Спартакиаданы бірінші болып жеңіл атлеттер бастады. 100 метрлік қашықтыққа жүгіруден № 3 орта мектеп оқушысы Коршунова және № 4 орта мектеп оқушысы Смолининова, № 2 орта мектеп оқушысы Кузяев озып шықты. Қала чемпионы, № 1 қыз балалар орта мектебінің оқушысы Радченко 1,35 сантиметр биіктіктен секірді.

Жеңіл атлетика бойынша өтілген жарыстың алғашқы күнінің қорытындысында № 1 қыз балалар орта мектебі мен № 6 орта мектеп командалары алда келеді. Жас қыз балалар мен жас ер балалар жарыстарында № 3 орта мектеп пен № 4 жетіжылдық мектептің спортшылары жақсы көрсеткіштерге ие болды.

Есіл өзенінің жағасында болған атқыштар жарысы да қызықты өтті. Бұл командалық жарыста № 6 орта мектеп спортшылары бірінші орынға шықты. Осы мектептің оқушысы Жәзит Сейфуллин 100 ұпайдан 85 ұпай алып, зор табысқа жетті. Оның көрсеткіші жас өспірімдер разрядына арналған нормадан жоғары.

Мектеп спортшыларының жарыстарын көрушілер жастардың спорттық шеберліктеріне риза болысты.

Сыртқы істер министрлерінің Женева кеңесі

ЖЕНЕВА, 11 июнь. **(СОТА-ның арнаулы тілшісі).** Бүгін В. М. Молотовтың председательдік етуімен, корей мәселесін талқылауға қатысушы он тоғыз делегацияның кезекті пленум мәжілісі болды.

Жұртқа мәлім, бұдан бұрын 5 июньде болған пленум мәжілісінде ССРО делегациясының басшысы В. М. Молотов дискуссияның кейбір жалпы қорытындысын шығарып, кеңестің қарауына қарар жобасын енгізді, онда көзірдің өзінде келісілген қарар қабылдауға болатын мәселелер, сонымен қатар алшақтық тұдырып отырған демек, қосымша қаралуға тиіс болатын мәселелер жеке-жеке көрсетілді.

Совет делегациясы өзінің қарар жобасында — кеңеске қатысушылар корей мәселесін бейбітшілікпен реттеуге қатысы бар мынадай негізгі принциптер туралы келісті деп көрсетуді ұсынды:

Кореяны біріктіру және біртұтас тәуелсіз, демократиялық корей мемлекетін құру мақсатымен бүкіл Кореяның территориясына келісімге жеткеннен кейін алты айдың ішінде, жалпыға бірдей сайлау правосы бойынша, дауысты жасырын беру негізінде еркін сайлау өткізілуге тиіс; жалпыкорейлік заң шығару органындағы өкілдік нормасы бүкіл Корея халқының санына сай келетін пропорциялы болуға тиіс;

жалпыкорейлік еркін сайлау әзірлеп, оны өткізу және КХДР мен Оңтүстік Кореяның өзара жақындасуына көмектесу үшін Кореяның екі бөлігінің өкілдерінен жалпыкорейлік орган құрылуға тиіс;

бұл органның құрамы мен міндеттері туралы алшақтық тұдырған мәселе қосымша қаралуға тиіс;

барлық шетелдік қарулы күштер Кореядан белгілі мерзімдерде әкетілуге тиіс; шетелдік қарулы күштерді жалпыкорейлік сайлау өткізгенге дейін Кореяның екі бөлігінен әкетудің мерзімдері мен кезендері туралы мәселе қосымша қаралуға тиіс;

жалпы корейлік еркін сайлаудың өткізілуін бақылау үшін халықаралық комиссия құрылады; оның құрамы туралы мәселе қосымша қаралуға тиіс;

Қыйыр Шығыста бейбітшілікті қолдауға анағұрлым мүдделі мемлекеттер Кореяның бейбітшілікпен өркендеуін қамтамасыз етуге міндеттемелер алуға тиіс, мұның өзі Кореяны ұлттық жағынан біріктіруге көмектескен болар еді; жоғарыда көрсетілген міндеттемелерді қандай мемлекеттер өздеріне алуға тиіс екендігі туралы және бұл міндеттемелердің сыйпаты туралы мәселе қосымша қаралуға тиіс.

Женева кеңесі қарарларының негізі бола алатын қағыйдаларды ғана қамтып отырған өзінің қарар жобасын енгізіп және талас мәселелер жөнінде онан әрі пікір алысуды ұсына отырып, ССРО делегациясы кеңестің бұдан былайғы жұмысын жеңілдетуге және келісімге жету ісіне көмектесуге ұмтылған талабына сүйенді. ССРО делегациясының корей мәселесін талқылауға мұндай түбірлі көзқарасына орган құруға, сонымен қатар Кореядағы еркін сайлауды бақылау жөнінде халықаралық комиссия тағайындауға қарсылық білдірген пікірлеріне талдау жасап, мұндай қарсылықтың дәлелсіз екендігін көрсетті.

АҚШ өкілінің 5 июньдегі мәжілісте дискуссияның барысында байқалған алшақтықтарды дүниежүзілік жұртшылық сотына беруге өз делегациясы мейлінше әзір отыр деген мәлімдемесіне тоқтай келіп, Чжоу Энь-лай былай деді: егер АҚШ өкілі өзінің мәлімдемесімен лисынмандық топтың Женева кеңесінен кетіп қаламыз деген айқайына үн қосу, сөйтіп бұл кеңесті сәтсіздікке ұшырату мақсатын көздеген болса, онда ҚХР делегациясы бұған келісе алмайды. Чжоу Энь-лай бұған дүниежүзілік жұртшылық та жол бермейді деген сенім білдірді.

Бұдан кейін сөз сөйлеген Канаданың өкілі өзінің сөзін АҚШ-тың Кореядағы соғыс интервенциясын және бұл интервенцияны бұркемелеу үшін қабылданған БҰҰ-ның заңсыз қарарларын ақтау мақсатын көздейтін американ насихатының бірсарынды сылтауларын қайталаудан бастады. Содан кейін ол совет делегациясының 5 июньде енгізген ұсыныстарына көзқарас жөніндегі өзінің позициясын айтып беруге кірісті.

Ол совет ұсыныстарында жалпыкорейлік заң шығару органында бүкіл Корея халқының пропорциялы өкілдігі болуы көзделіп отырғандығы жөнінде қанағаттанған сезім білдірді. Бірақ, Канада делегациясы, деп мәлімдеді ол, жалпыкорейлік еркін сайлау өткізуге қатысы бар бірқатар мәселелерді алдын ала шешуді қажет деп санайды.

Канада делегациясының, деді ол бұдан кейін, жалпыкорейлік еркін сайлау әзірлеп, оны өткізу үшін және Кореяның екі бөлігін өзара жақындастыру үшін Кореяның екі бөлігінің өкілдерінен бүкілкорейлік комиссия құру туралы ұсынысты күнілгері қабылдамай тастайтын ниеті жоқ. Бірақ ол жалпыкорейлік комиссия құру туралы қарар қабылдаудан бұрын комиссияның құрамы мен міндеттері туралы мәселе келісілуге тиіс дегенді талап етті. Канаданың өкілі совет делегациясының қалған ұсыныстарын қабылдауды да делегациялар арасында алшақтық тұдырып отырған басқа мәселелерді алдын ала шешумен байланыстырды. Соның өзінде канадалық өкіл көбінесе талқыланып отырған проблемалардың етжей-тегжейіне қатысы бар сұрақтардың тым ұзын тізімін келтіріп, бұл сұрақтарға күнілгері жауап берілуін талап етті.

Канада өкілінің сөзі оның делегациясының Женева кеңесінің ойдағыдай жұмыс істеуіне көмектесетін ниеті жоқ екендігін көрсетті, өйткені, ол кеңеске қатысушылар өзара келісетіндей және әлі де алшақтық тұдырып отырған мәселелер жөнінде онан әрі пікір алысатындай негізгі қағыйдаларды баянды ететін қарар

Бұдан кейін Корей Халық-Демократиялық Республикасы делегациясының басшысы Нам Ир шығып сөйледі. Ол Кореядағы жағдайды бейбітшілікпен реттеудің жалпы принципті мәселелері жөнінде алдын ала қарар қабылдаудың дұрыс болатындығы туралы совет делегациясының басшысы В. М. Молотовтың пікірімен келісті, өйткені мұның өзі кеңестің жұмысын едәуір жеңілдетіп, кеңеске қатысушылардың пікірінде алшақтық тұдырып отырған мәселелер жөнінде келісімге жету мүмкіндіктерін табуға көмектескен болар еді.

Нам Ир 5 июньде совет делегациясы енгізген қарар жобасын КХДР делегациясы қолдайды деп мәлімдеді. Ол сөзінің қорытындысында АҚШ өкілінің 5 июньдегі сөзінде келтірілген және Кореядағы уақытша бітімді бақылау жөніндегі бейтараптар комиссиядағы Польша мен Чехословакия өкілдері жасап отыр-мыс дейтін кедергілердің салдарынан бұл комиссия өз міндеттерін жүзеге асыра алмайды-мыс делінген сылтауының дәлелсіз екендігін көрсететін бірқатар фактілер келтірді.

Нам Ирден кейін шығып сөйлеген ағылшын делегациясының басшысы Иден өз сөзінің алғашқы бөлімін корей мәселесін шешуде БҰҰ жақсы роль атқара алады-мыс деп дәлелдеу әрекеттеріне арнады, ал мұндай сылтаудың мүлде дәлелсіз екендігі БҰҰ-ның корей соғысында соғысушы жақтардың бірінің жағдайында болғандығының, демек, корей проблемасын шешуге қатысу правосынан айрылғандығының өзінен- ақ айқын көрінеді. Иден Кореядағы сайлау БҰҰ-ның басшылығы мен өткізуге тиіс дегенді жақтады. Ағылшын делегациясы, деп мәлімдеді Иден, мұны берік жақтап отыр және корей мәселесі жөніндегі келісімді осы «принципті» қабылдаумен байланыстырады. Ол былай деді: егер жоғарыда мен көрсеткен мәселелер жөніндегі алауыздықтарды жою жолдарын табу мүмкін болмаған күнде, оның айтуынша, кеңес өз міндеттерін орындай алмады деп мойындауға тура келеді. Мұндай жағдайда, деді ол бұдан кейін, Кореядағы уақытша бітім күшінде қалуға тиіс болар еді және корей мәселесінің саяси шешімін табу әрекеттері, «қолайлы кезең туысымен- ақ», қайтадан басталуға тиіс болар еді.

Таиландтың өкілі де дәл осындай рухта сөйледі. Ол өзінің делегациясы совет делегациясының 5 июньдегі ұсыныстарын қабылдай алмайды, өйткені Кореяда БҰҰ-ның бақылауынсыз сайлау өткізу мүмкіндігіне сенбейді деді.

Бұдан кейін сөз алған Бельгияның өкілі Спаак корей мәселесін талқылаудың кейбір қорытындысын шығарған ССРО делегациясы басшысының 5 июньде жасаған мәлімдемесінің зор маңызын атап көрсетті. Спаак принципті келісімге жету мүмкін болып отырған бірқатар мәселелердің шынында да бар екенін мойындады. Бірақ, ол жалпыкорейлік комиссия

ЭЙЗЕНХАУЭРДЫҢ АРНАУЛЫ ӨКІЛІНІҢ КАИРДЕГІ КЕЛІССӨЗДЕРІ

КАИР, 14 июнь. (СОТА). 11 июньде біртоп американ чиновниктерінің ертуімен президент Эйзенхауэрдың арнаулы өкілі Эрик Джонстон араптың төрт елі— Египет, Ливан, Сирия және Иордания өкілдерімен келіссөздер жүргізу үшін Каирге келді.

1953 жылдың ноябрінде Джонстонның Таяу Шығыс елдеріне сапарға шығып, Иордан өзенінің суын пайдаланудың американдық жоспарын ұсынғандығы, оны араб елдерінің қабылдамай тастағандығы мәлім. Осыдан кейін араб елдері мен Израиль американ жоспарынан басқаша өздерінің өзіндік жобаларын жасаған болатын.

Баспасөздің атап көрсетуіне қарағанда, Таяу Шығысқа осы жолы жасап отырған сапарында, Джонстон үш түрлі позицияны «ымыраластыруды», ал негізінен алғанда, американ монополияларының мүдделерінен туған жоспарларды араб елдеріне және Израильге жаңадан таңуға әрекеттеліп отырғандығын көрсетеді.

Кеше араб елдері өкілдерінің (Египет, Сирия, Ливан, Иордания) Джонстонмен бірінші кездесуі болған, оған Египеттің сыртқы істер министрі Фавзи қатынасқан.

Джонстон және оны ертіп келгендер Египетте 17 июньге дейін болады, одан кейін Израильға бармақшы.

МЕНДЕС- ФРАНСТЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

ПАРИЖ, 14 июнь. (СОТА). Франс Пресс агенттігі өзіне өкмет құрастыру тапсырылған Мендес- Франстың бүгін Ланьельмен кездескендігін хабарлайды.

45 минутке созылған әңгімелесуден кейін Мендес- Франс былай деп мәлімдеген:

«Қәзіргі жағдайда барлық ойлардың орталығы Индо- Қытай мәселесі болып отыр және осыдан туатын жауапкершілікке барлық адамдар өзінің назарын аударуға тиіс және осы мәселенің екі тармағы: жергілікті және соғыс жағдайы мен дипломатиялық және Женева жағдайы».

Мендес- Франс генерал Гийоммен және қарулы күштердің үш түрінің штабтар бастықтарымен, сол сықты, Ұлттық жыйналыстың алдында нақты ұсыныстармен келіп сөйлеуге мүмкіндік берерліктей информациялар алу үшін Индо-Қытайдағы жағдай туралы жақсы мағлұматтары бар соғыс қайраткерлерімен кездесуге ниеттенін отырғандығын хабарлаған.

Ланьельмен кездескенге дейін Мендес-Франс Ұлттық жыйналыстың председателі Ле Трекерде және республика Советінің председателі Монпервильде болған.

ТУНИСТЕГІ ЖАҒДАЙ

ПАРИЖ, 14 июнь (СОТА). Баспасөз хабарына қарағанда, Тунистегі жағдай бұрынғыша шиеленіскен қалпында қалып келеді. Соңғы үш күннің ішінде Тунис қаласында үлкен қамаулар болып, әскери және полицейлік өкмет орындары 750 тунис азаматтарын тұтқынға алған.

12 июньде Сиди- бу- Зид ауданында

Қалалық балалар паркі жексенбі күні балдырған бөбектерге лық толды. Олардың ішінде оқу жылын аяқтаған жас октябряттар және пионерлермен қатар мектеп есігін ашуға әлі жастары жетпеген кішкентай балалар да бар.

Жас бөбектер бұл күнді өте қызықты өткізді. Олардың көңілді демалулары үшін ойын алаңы жабдықталып, карусельдер жұмыс істеді, оқу үйі мен спорттық ойындар өтетін алаңдарда да балалар өте көп болды.

Қалалық демалыс және тынығу паркі де күндіз балалар үшін қызмет етті. Парктегі жазғы кинотеатрда оларға «15 жасар капитан» кинофильмі көрсетілін, ашық эстрадада атақты әнші Поль Робсон туралы лекция оқылды.

Жазғы демалыстарын көңілдегідей өткізіп жүрген қаланың бақытты жас балдырғандарының шат ойындары кешке дейін созылды.

Жексенбі күні қаладағы демалыс және тынығу паркіндегі циркте Мемлекеттік № 11 жылжымалы циркпен артистері қала жұртшылығына өзінің қоштасу концертін көрсетті.

Бір ай бойы өз өнерлерін көрсетіп жатқан бұл коллективтің қоштасу ойынына дарын көруге көптеген еңбекшілер келді. Циркпен кең залы көрушілерге лық толды.

Қоштасу концертін бірінші болып африкан арыстандарын үйретуші Нина Капитанова ашты. Көрушілер өзінің ерік күштілігін жүректіліктен ұштастыра білген жас артистканың өнеріне риза болысты. Сонымен бірге күлдіргі ақуларды ойнатушы Эльворти мен комик Олег Трофимовтың ойындары да өте тартымды болды.

Ойын соңында көрушілер цирк артистеріне алғыс айтты.

Ормандағы серуен

Бұл күнді қаланың көптеген еңбекшілері өз демалыстарын Пестрое көлінің жағасында өткізді.

Батыс жағын қалың ағаш қоршаған, табиғаты өте көркем бұл жерге таңертеңнен ағылған машиналардың, мотоциклдер мен велосипедтердің тасқыны түске дейін тоқтаған жоқ.

Көл жағасындағы орманға тынығуға келгендердің көпшілігі Петропавл теміржол станциясының, ет комбинатының, шағын двигательдер заводының жұмысшылары мен инженер -техник қызметкерлері.

Тәжрибе участогі

Тоқпын агротехникалық мектебінің оқушылары (Полудень ауданы) биология пәні мұғалімінің басшылығымен мектеп жанындағы тәжрибе участогіне түрлі жеміс ағаштары мен гүлдер отырғызды. Тәжрибе участогі бірнеше участокке бөлініп, әрбір оқушыға бекітілін берілген. Олар өз участогінде отырғызылған ағаштар мен гүлдерді уақытылы күтіп баптап тұрады.

Тәжрибе участогіне отырғызылған жеміс ағаштары мен гүлдер бұршік жарып өсіп келеді.

ҚАРАЖАНОВ.

„Ленин туықың“ дабылынан кейін

„МӘЖІЛІСҚҰМАРЛАР“

«Ленин туы» газетінің осы жылғы 28 мартттағы номерінде жарияланған «Мәжілісқұмарлар» деген мақала Ленин атындағы колхоз партия ұйымының жыйналысында талқыланып, мақалада көрсетілген фактілер толық анық деп табылды.

Партия жыйналысы қабылдаған қаралардың орындалуын қанағаттанғысыз бақылағаны, партия жыйналыстарында сын мен өзара сынның жеткіліксіз болғандығы үшін партия ұйымының секретары Бейсенбаев жолдасқа ескертті және партия ұйымының секретары партия жыйналыстарында қабылданған қаралардың орындалуын ұйымдастырсын және бақылап отырсын, сол сыяқты коммунистерді жұмыстың шешуші участоктеріне дұрыс орналастыру мәселесіне жете көңіл бөлсін деген ұсыныс жасады.

Партия жыйналысы колхоз басқармасына басқарма мәжілістері мен колхозшылар жыйналыстарын жоспар бойынша өткізіп, қабылданған қаралардың орындалуын күнбе-күн бақылап отыруды және бригадирлер мен басқарма мүшелерінің алда тұрған міндеттерді орындауға деген жауапкершілігін арттыруды ұсынды.

С. ИМАҚОВ.

ҚКП Булаев аудандық комитетінің секретары.

"Ескерусіз бөлімше"

«Ескерусіз бөлімше» деген тақырыппен осы жылғы 7 майда жарияланған тілші хатында Преснов ауданындағы Николаевка почта бөлімшесінің жұмысындағы кемшіліктер атап көрсетілген болатын. Облыстық байланыс басқармасының почта байланысы бөлімінің бастығы Стабровский жолдас бұл жөнінде редакцияға былай деп хабарлады:

Газет дабылы бойынша Николаевка почта бөлімшесінің жұмысын тексергенде мақалада көрсетілген фактілер толық анық талды.

Телефон байланысын жақсарту үшін Преснов—Архангелка арасында үшінші телефон жолы орнатылуда, бұл Николаевка селосынан тікелей Пресновкамен телефон арқылы байланыс жасауға мүмкіндік береді.

Кореядағы нақты жағдайды ескеретін және Женева конференциясының қаралары үшін негіз бола алмайтын Оңтүстік Корея делегациясының 22 майда енгізген ұсыныстарын сөзсіз қолдаған АҚШ делегациясының позициясы мұнда қайшы келіп отыр.

Бүгінгі мәжілісте бірінші болып сөйлеген Қытай Халық Республикасы делегациясының басшысы Чжоу Энь-лай 5 июньде совет делегациясы енгізген ұсыныстар корей мәселесін бейбітшілікпен реттеудің ақылға сыйымды жолын көрсетіп отыр деп мәлімдеп, совет ұсыныстарының бес пунктінің бәрін бұдан былайғы талқылаудың негізі ретінде қабылдауды ұсынды.

Чжоу Энь-лай бұдан кейін АҚШ делегациясының бүкіл Кореяда сайлау өзірлеп, оны өткізуге арналған жалпыкорейлік сын қабылдаудан бастартты.

Корей мәселесі жөнінде келісілген қарар қабылдау жолын тапқысы келмейтіндік Жаңа Зеландия өкілінің сөзінен де айқын көрінді. Ол совет ұсыныстарында көрсетілген бірқатар принципті мәселелер жөнінде келісім бар екендігін бекер дей алмады. ССРО, КХДР және ҚХР делегацияларының мәлімдемелері мен ұсыныстарында, деді ол, Жаңа Зеландияның делегациясы келісіп отырған көп қағыйдалар бар. Бірақ, ол, логикаға қарамастан, көзқарастар жақындасқан жалпы принципті мәселелер жөнінде алдын ала қарар қабылдау, сөйтіп, алауыздық тудырып отырған мәселелерді онан әрі қарау жайындағы совет делегациясының ұсыныстарына қарсы шықты.

Ұйымы тағайындайтын комиссияның бақылаумен сайлау өткізуді жақтайтын пікір айтты, сөйтіп Бельгия делегациясының корей халқының ұлттық праволарын мойындау негізінде корей мәселесін шешуге ұмтылмай отырғанын көрсетті.

Бүгінгі мәжілістің соңында француз делегациясының басшысы Бидо шығын сөйледі. Оның сөзі совет делегациясы басшысының 5 июньде енгізген ұсынысына жауап беруден француз делегациясының жалтаратынын көрсетті.

Бидоның сөзінен кейін мәжіліс жабылды. Председательдік етуші В. М. Молотов келесі мәжіліс туралы мәселе әдеттегі тәртіп бойынша келісіледі деп мәлімдеді.

ИНДО-ҚЫТАЙДА БЕЙБІТШІЛІК ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛСІН

ШАНХАЙ, 13 июнь. (СОТА). Вьетнам информациялық агенттігі мынаны хабарлады:

Бір айдан аз кем уақыт ішінде, 12 апрельден 5-ші майға дейін, французтар, басып алған Халой қаласында 45 мыңнан астам адам баодайшыл армияға жастарды күшпен алуға қарсы наразылық петициясына қол қойған. Петиция Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру үшін француз үкметін Вьетнам Демократиялық Республикасының Үкметімен тікелей келіссөздер жүргізуді бастауға шақырады.

Французтар басып алған аудандардағы халықты қамтыған бейбітшілікті қалпына келтіру қозғалысы баодайшыл армия мен полицияның, қолжаулық әскімшілік орындарының арасына да тараған.

„Соғыс күшіне ерік берумен бейбітшілікке жетісуге болмайды“

ЛОНДОН, 13 июнь. (СОТА). Кеше Лондонда Кооператив партиясы және демократияшыл бақылау одағы ұйымдастырған конференция болды. Конференцияға Лондон ауданының 51 кәсіподағынан, 35 лейбористік және басқа ұйымдардан сайланған 300-ден астам делегат қатысты.

Конференцияда парламент мүшесі лейборист Мессер Батыс Германияны қаруландыру саясатын сынап сөз сөйледі. Батыс Германияны қаруландыру, деді ол, дүниежүзілік жаңа соғыстың тууының белгісі болып табылады. Соғыс күшіне ерік берумен бейбітшілікке жетісуге болмайды.

Конференцияға қатысушылардың жаппай қолдауымен Мессер ағылшын халқын Батыс Германияны қаруландыру саясатына қарсы шығуға шақырды.

Ағылшын парламентінің депутаты лейборист Паркин өзінің сөзінде ағылшын халқы Батыс Германияны қаруландыру саясатының абройсыз екендігін түсінеді, оған көптеген митингтер мен наразылық білдіру қарарлары айғақ деп мәлімдеді. Паркин лейборист партиясының басшылығын оның герман мәселесі жөніндегі саясаты үшін қатты сынға алды.

тары үшін оқ- дәрі тасып жүрген екі француз жүк машинасына бас салған. Бір солдат оққа ұшып, төрт солдат жарланған.

Француз солдаттары мен полицейліктер елдің басқа да бірнеше аудандарында шабуылға ұшыраған.

ЯНАОННЫҢ (ИНДИЯДАҒЫ ФРАНЦУЗ ЖЕРІ) ИНДИЯ ОДАҒЫНА ҚОСЫЛУЫ

ДЕЛИ, 14 июнь. (СОТА). «Таймс оф Индиа» газетінің хабарына қарағанда, Янаон (Индияның шығыс жағалауындағы французлар иемденетін жер) өзінің Индия одағына қосылатындығын жариялаған. Янаонның үкмет мекемелерінде Индияның мемлекеттік тулары тігілген.

Янаон— жуырда құрылған Индияның Андхр штатының жеріне орналасқан французлар иемденетін жер. Янаонның жалпы жер көлемі 5,5 текше му, халқының саны 5853 адам. Бұл Индиядағы французлар иемденіп келген ең кішкентай мекен.

ПАРИЖ ПОЛИЦИЯСЫНЫҢ ОЗБЫРЛЫҒЫ

ПАРИЖ, 14 июнь. (СОТА). «Юманите» газетінің хабарына қарағанда, кеше күні бойы полицейлік өкмет орындары Парижды тәрт округінде «Юманите диманш» газетің сатушыларға заңсыз әрекеттер қолданған. Газеттің көптеген сатушылары тұтқынға алынып, полицияға жөнелтілген.

Редактордың орынбасары Ғ. НҰРМОЛДИН.

Солтүстік Қазақстан облыстық еңбек резервтері басқармасының № 2 теміржол училищесі

1954—1955 оқу жылына оқушылар қабылдайды !

Училище паровоз машинистерінің көмекшілерін, паровоздар мен автотормоздар жөндеу жөніндегі слесарьлар, вагондар мен автотормоздар жөндеу жөніндегі слесарьлар, поезд вагон мастерлерін, хабар беру, орталықтандыру және блокировкалау монтерлерін даярлайды.

Оқуға қабылданғандар оқығаны үшін ақы төлемейді және толық мемлекет қамқорлығында болады. Оқу мерзімі екі жыл.

Паровоз машинистерінің көмекшілерін, поезд вагон мастерлерін және монтерлер даярлайтын бөлімдерге 16—17 жастағы, ал қалған бөлімдерге 15—17 жастағы азаматтар қабылданады.

Арыздар осы жылғы 1 июньнен 15 августқа дейін қабылданады.

Оқуға түсем деушілердің қолында мына документтер:
орта мектептің 7-класын бітіргендігі туралы куәлігі (түп нұсқасы), өмір баяны, қай бөлімге түсетіндігі көрсетілген, директордың атына жазылған арызы, тұрған жерінен анықтамасы, оқушының міндеттемесі, 4 фотосуреті, туған жылы туралы куәлігі немесе паспорты болуы керек.

Училищенің адресі: Омск темір жолы, Петропавл станциясы, № 2 теміржол училищесі.

ДИРЕКЦИЯ.

Петропавл қаласы, Коммунист көшесі, 135- үйде тұрушы Александра Андреевна Гагарина Калининград облысы, Советск қаласы, Победа көшесі, 35-үйдегі, 8-пәтерде тұрушы Валентин Константинович Гагариннен айырылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласындағы, 5-участоктік халық сотында қаралады.

Солтүстік Қазақстан облыстық кинопрокат бөлімшесі облыс экрандарында «ЕРЛІК МЕКТЕБІ» деген, А. Гайдардың шығармасы негізінде жасалған көркем суретті жаңа кинофильм көрсете бастады.

Фильмді 1954 жылы Ленин орденді «Мосфильм» жасап шығарған.

Автомобиль транспорты және тас жолдар облыстық басқармасының автомобиль жөндеу мастерскойы автомобиль ісі жөніндегі слесарьлар даярлайтын үш айлық курсқа оқушылар алады. Оқуға қабылданғандарға стипендия төленеді.

АДРЕС: Петропавл қаласы, Рабочая көшесі, 30-үй.

ДИРЕКЦИЯ.

12 июнь күні қарагер бие жоғалды. Солжақ алдыңғы аяғында С 105 таңбасы, оңжақ артқы аяғында ісігі бар.

Көрген білгендер болса Петропавл қаласындағы 3-участоктік милиция бөліміне хабарлаулары сұралады.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЕРЛІК МЕКТЕБІ»

Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«БІЗДІҢ ЖҮРЕГІМІЗ»

Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

«Сельхозмукага» түпкілікті жұмысқа электр моторының моторшысы, тасшылар, бетоншылар, дирменнің цехтарында істейтін жұмысшылар және көмекші жұмысшылар КЕРЕК. Еңбекақы істеген жұмысына қарай төленеді.

АДРЕС: Петропавл қаласы, Володарск көшесі, 5-үй. Телефондар: 2-73, 2-27, 7-08.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп -транспорт бөлімдері —2-36, тілшілер бөлімі —3-39, корректорлар бюросы— 4-39. Газет баспасы—5-52, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 01261. **Қазақ ССР Мәдеңнет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.**